



ТҮЙТКІЛ

ҚАҢЫРАҒАН

ҚАЗАНДЫҚ

немесе ЖЕЛГЕ ҰШҚАН АҚША

Қалбатаудың аржағында, Қарауылтөбенің бер жағында Жарма деген жармақтай ғана аудан бар. Таулы, қырқалы: табиғаты қолдан құйғандай көркем жер. Бүгінде Шығыс Қазақстан облысына қарайтын сол Жарманың шетінде Шуақ деген ауыл тұр. Жалғызтөбенің аңызға жөлінен, шығыстың қатал қысынан шуақ іздеген жұрттың қойған атына көп ұқсайды. Сол Шуақта осыдан 7 жыл бұрын, яғни 2011 жылы жылыту орталығының құрылысы басталған. Құрылыс жұмысына бөлінген ақша да қомақты: 2 млрд 697 млн теңге. Орталықтандырылған жылу бітпей жатып, ауыл жұрты сол жылы хабардың өзіне жылынып жүрді.



Құрылыс 2013 жылы аяқталып, ел игілігіне берілуі тиіс болатын. Алайда жұмыс бітпей, тоқтап қалыпты. Әуелде жылу орталығын салуға тендерді «СМП Алматы» атты компания жеңіп алады. Мердігер компания құрылысты қарқынды жүргізіп, жұмыстың 80 пайызын атқарған. Бірақ соңы сұйылып кетеді. Сөйтіп, қазандық қойылып, негізгі

шағын ауылға алып орталықтың қаншалықты қажет болғанын ешкім айта алмайды. Ал қазір ауылды жылытып тұрған қазандықтың қолданыс мерзімі өткен. Бірер жыл бұрын қазандық бұзылып, аязды күні бүкіл ауыл апталап жылусыз отырды. Сондықтан Шуақтағы тұрғындар ескі қазандықтың жағдайына қыс түскен сайын алаңдайды» — дейді.

жұмысы біткен үлкен жоба аяқталмай жатып, тоқтап қалды.

Осы мәселе бойынша Жарма ауданы әкімінің орынбасары Нұрлыбек Нұрғалиевтың пікірін білген едік. Ол «Жобалық-сметалық жұмысына түзету енгізу керек. Сондықтан бұл түзету бойынша қаражат бөлінуі тиіс. Сол қаражаттар 10-20 миллион тенгеге таяу болуы мүмкін. Төрт қазандықтан тұратын орталық сағатына 6,5 гигакалория жылу шығарады. Шуақ ауылында қазір көп қабатты 9 үй, 4 түзеу мекемесі және бір орта мектеп бар. Жабық мекемеде жазасын өтеп жатқандарды есептегенде, 1400 ғана тұрғыны бар

Аядай ауылға мұндай үлкен қазандықтың не үшін қажет болғаны мамандарға да түсініксіз. Тіпті жергілікті энергетиктердің өзі 450 көпқабатты үйді жылытуға арналған қазандықтың 1400 тұрғыны бар ауылға неге салынғанын, не үшін жоспарланғанына аңтаң. Мамандар жылу қазандығының толықтай жұмыс істеуіне әлі 500 миллион теңгенің қажет екендігін алға тартады.

Қазір қанырап бос қалған судай жана қазандықтың ғимараты біртіндеп бүліне бастапты. Мұндағы дүние-мүлік тоналып кетпеу үшін күзетшілер құрылыс басталған сол 2011 жылдан бері қас-қақпай қарап жүр. Мәселен, бір мотордың өзі 1 миллион теңге тұрады. Күзетшілердің айтуынша, қымбат құрал-жабдықтардың бәрі орнында. Тек пайдаланылмай, тоза бастаған. Бітпей қалған жылу қазандығының күзетшісі Серікхан Мұрсақимов «Қабырғаның бәрі жарылған. Енді арғы жағын жұлып жатыр. Жалғызтөбенің желі де өткір. Істі бітірсе, бәрімізге жұмыс болатын еді» — дейді. Құрылысты аяқсыз қалдырған мердігер компания жетекшісінің қаржы жымқырғаны анықталды. Шетел асып кеткен жерінен ұсталыпты. Оған қатысты қылмыстық іс те қозғалды. Ал аудандық құрылыс бөлімінің бұрынғы басшысының да қаржылық қитұрқылыққа қатысы бар екені дәлелденген.

Әзірге Шуақтағылар орталықтандырылған жылудың шуағынан дәмеленбесе де болады. Бөлінген қаржы ұстағанның уысында кеткен соң, ауылдағылар ортақ қазандықты сырттан тамашалауға ғана мәжбүр.

Олжас КЕРЕЙХАН,
Шығыс Қазақстан облысы

БІЗДІҢ
СҰХБАТ



Айкын ҚОҢЫРОВ: Жемқорлық тыйылмай, сапа түзелмейді

Сәрсенбі күнгі Парламент Мәжілісінің отырысында депутат Айкын Қоңыров инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбекке сұрақ қойды. Депутаттың айтуына қарағанда министрліктің «ҚазАвтоЖол» ҰК-на бөлгелі отырған 50 миллиард теңгесі бекершілік. Себебі бұл компания жемқорлыққа ебден батқан. Сонымен қатар жолдың да сапасы сын көтермейді. Депутат сұрағына министр жауап берген еді. Оның жауабына қарасақ, бері жақсы. Отырыстан кейін біз депутатқа жолығып, жол салу саласындағы жемқорлық мәселесіне қатысты пікірін білген едік.

Жас қазақ: Сіз Мәжіліс отырысында ұлттық компанияның сыбайлас жемқорлыққа белшесінен батқандығын және жолдардың сапасыз салынатындығын алға тарттыңыз. Инвестициялар және даму министрі сол арада сізге жауап берді. Жауабы көңіліңізден шықты ма?

Айкын Қоңыров: Біріншіден, министр бізде жолдың жағдайы өте жақсы деп бекер айтты-ау деймін. Қазақстанда бүгінгі күнге дейін барлық талапқа жауап беретін бір-ақ жол бар. Ол — қазіргі кезде қолданысқа берілген Астана-Шүчінск автобаны. Алайда оның өзін қауіпсіз деп айту қиын. Себебі бұл жолда көлік апаты өте көп болады. Жұықта ғана Қазақстан жол сапасы бойынша рейтингте ең соңғы орындарда, тіпті Африка елдерінің деңгейінде екендігі жөнінде ақпарат тарайды. Сондай-ақ «ҚазАвтоЖолға» қатысты даулы жайттар, миллиардтарды жымқырғандығы жөнінде ақпараттар мен тәртіп бұзушылықтарды ескеріп, шешімді қайта қарау керек деп ойлаймын.

Жас қазақ: Осы мәселенің барлығын біл отырып, үкімет не себептен 50 миллиард теңге бөлмекші деп ойласыз?

Айкын Қоңыров: Мемлекет көлік инфрақұрылымын дамыту жайын өте дұрыс ойлап отыр. Алайда бұған кейбір жауапты мекемелердің немқұрайды қарауы «Нұрлы жол» бағдарламасының дамуына үлкен кедергі болады. Менінше, сапаға жауапты мекемелер бақылау жағын дұрыс жүзеге асырмайды. Ұлттық компаниялардың қызметінде ашықтықтың жоқтығы сыбайлас жемқорлықпен күреске тосқауыл болуға. Ұлттық компаниялардағы ашықтық деңгейі — әкімшілік-шаруашылық шығынға бөлінетін қаржы көпшілік біле бермейтін құпия ақпараттың бірі. Сондықтан квазимемлекеттік сектордағылардың халықпен шынайы қарым-қатынас жасайтын және өзінің табысы мен шығынын ашық айтатын уақыт келді.

Жас қазақ: Заң шығарушы мекемелерге депутат ретінде қандай ұсыныс айта аласыз?

Айкын Қоңыров: Ең бастысы — компанияның ашықтығы, тазалығы. Егер қоғамдық бақылау болмаса, онда жыл сайын сол мәселелер қайталанып отырады. Ондай жағдайда үлкен сыбайлас жемқорлық, ұрлық жойылмайды.

Жалғасы (3-бетте)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
60,18



DOLLAR
335,14



EURO
389,90

АЛТЫН (ун.)
1276,40



ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ

КӨРШІЛЕРІМІЗГЕ БАРЫП КЕЛЕЙІК

Көрші елдердің әсем қалаларына сапарыңызды тиімді бағалармен ыңғайлы жоспарлаңыз.

ҚАЗАН	С.-ПЕТЕРБУРГ	БАКУ	ТБИЛИСИ	МӘСКЕУ
68 500 ₸	74 000 ₸	89 000 ₸	92 000 ₸	106 500 ₸

*барып-қайту үшін, алымдарды қамтиды

airastana.com



КӨКЖИЕК

Мартаранқа жол ашады



Соңғы жылдары тоғыз жолдың торабындағы еліміздің экономикасының тамырына қан жүгіртетін көлік-транзит тынысы ашыла түсті. Теңіз қақпасы болған түбегімізде шет мемлекеттермен экономикалық байланыстардың буынын бекітіп, сауда-саттықты жаңа сатыға көтеріп, алыс-берісті арттырып, барыс-келісті ширататын «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында Құрық портының құрылысы қарқынды жалғасуда.

(Жалғасы 4-бетте)

БИЛІК



АСТАНА ПРОЦЕСІ:

«Кез келген келіссөз, диалог – болашаққа бастайтын жол. Бәріміз бұл мәселенің бейбіт шешілгенін қалаймыз. Егер барлық елдің күш-жігерін біріктіріп, ортақ коалиция жасамасақ, терроризмді жеңе алмаймыз. Біз келіссөздерді жалғастыру үшін барлық жағдайды жасауға күш салып отырмыз». Елбасы бұл туралы Сирия қақтығысын реттеу мәселесі бойынша Астана процесінің 7-раундына қатысқан делегация жетекшілерімен кездескенде мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Сириядағы қақтығысты реттеудің маңыздылығына тоқталып, бүкіл әлемдік қоғамдастық бұл мәселенің шешілуіне зор мүдделілік танытып отырғанын атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев «Сіздердің жұмыстарыңыз барша әлем назарында. Қаза болғандар мен босқына айналғандардың өте көптігі бүкіл адамзатқа орасан нұқсан келтірді. Қазақстан Ресей мен Түркия президенттерінің өтінші бойынша Астанада бас қосып, келіссөз жүргізуге жағдай жасады. Бүгінде сол келіссөздердің жетінші раунды өтіп жатыр. Барлық тараптар бұл үдерістің тиімді екенін айтады», — деді.

Қазақстан Президенті Астана процесі Женевадағы келіссөздердің тиімділігін

арттыруға септігін тигізетініне тоқталды. Сондай-ақ Астанада өткен бірқатар басқосудың қорытындысы бойынша қол жеткізілген нәтижеге тоқталды. Елбасының айтуынша, бірнеше өңірдегі әскери іс-әрекет бәсеңдету мәселесі шешілді. Бұдан арғы іс-қимыл тетіктері әзірленіп, гуманитарлық ахуал жақсарды.

Ок атуды тоқтату тәртібін сақтап қалудың маңызы зор. Алқалы жиында Астана процесіне қатысушы елдер делегацияларының жетекшілері сөз сөйледі. Ресей өкілі Александр Лаврентьев Сириядағы жағдайды реттеуге арналған келіссөздердің аралық қорытындыларын талқылауға мүмкіндік жасалғаны үшін ризашылық білдіріп, қақтығысқа қатысты қазіргі жағдайға өз бағасын берді. Ол «Жұмыс басталғалы көп уақыт өтті. Он нәтижелер бар. Деэскалация аймақтары елдегі жағдайдың тұрақтануына және саяси реттеу үдерісіне біртіндеп көшуге көп септігін тигізді. Астана процесі аясында ұрыс қимылдарын тоқтату режімін қатаң сақтауға тырысудамыз», — деді.

Бұдан бөлек, А.Лаврентьев қақтығысты реттеудің жекелеген мәселелері жөнінде әңгімелеп, одан әрі шешімін табу үшін саяси диалогты жолға қою қажеттігін атап өтті.

Түркия делегациясының жетекшісі Седат Өнал Астанадағы келіссөздердің ерекше маңыздылығына тоқталып, осы мәселені шешуге атсалысқаны үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа ризашылығын білдірді.

Ал Иран делегациясының жетекшісі Жабері Ансари терроризммен күресті жалғастырып, өңірдегі шиеленісті бәсеңдету үшін шара қабылдау қажеттігіне баса назар аударды.

Бақылаушы елдердің өкілдері Сирия қақтығысын бейбіт реттеу үдерісіндегі Қазақстанның және Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке рөлін атап өтіп, Астанада келіссөздер өткізуге мүмкіндік бергені үшін ризашылығын білдірді.

БҰҰ бас сарапшы-кеңесшісі Стругар Милош еліміздің БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі белсенді қызметі үшін ризашылығын жеткізіп, Сирия мәселесі бойынша саяси шешім қабылдаудың маңызды екенін атап өтті.

(Өз тілшіміз)

Барыс-келіс

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстан — ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр аумақтың иесі. Сондықтан, аталған жоспар орасан қаражат пен еңбекті, аса ауқымды жұмысты қажет етеді. «Елдің өркенін білгін келсе, жолына кара» деген қағида қалыптасқан. Барыс-келіс пен алыс-берісте жол қатынасы айрықша маңызға ие. Көне замандарда ірі қалаларымыздың көбі Ұлы Жібек Жолын жағалай қоныс тепкен. Қазір де қайнаған тіршілік күре жолдардың бойында. Жол — шын мәнінде, өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Барлық аймақтар теміржолмен, тасжолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек. Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы елорданың жасампаздық рухын тарататын өмір-тамыра айналуы тиіс. Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады. Облыстардың бір-бірімен сауда-саттығын, экономикалық байланыстарын нығайтады. Ел ішінен тың нарықтар ашылады. Осылай, алысты жақын ету — бүгінгі Жолдаудың ең басты түйіні болмақ» — деп айтқан еді.

Астанада «Жаңа Еуразия: Еуразиялық транскұрлықтық бағыттар көлік-логистикалық жүйесін дамыту» тақырыбында «ТрансЕуразия-2017» көлік-транзиттік әлеуеті туралы мерейтойлық Х халықаралық конференция өтті.

Конференцияға мемлекеттік органдардың, дипломатиялық корпустың, сондай-ақ халықаралық, аймақтық және қаржы ұйымдарының, көлік қауымдастықтарының

халықаралық қаржы институттарының қосқан үлесін жоғары бағалады.

Министрдің айтуынша, соңғы жылдары еліміздің жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) құрылымында көліктің қызметтердің тұрақты түрде өсіп келе жатқаны байқалған. 2017 жылдың жартыжылдығының қорытындысы бойынша көліктің ЖІӨ-дегі үлесі 8,3% құраған. Ол «Қазақстанда көліктің инфрақұрылымға, логистикаға инвестиция салуға басымдық беріледі. Соңғы 9 жылда Қазақстанда мемлекеттік инвестициялар, шетелдік және жекеменшік ұлттық инвестициялар көзінен көлік инфрақұрылымына 26 млрд АҚШ доллары салынды. Осы уақытқа дейін біз 1700 шақырым теміржол, 3 200 шақырым автокөлік жолын салдық. Каспий теңізіндегі порттардың қуатын ұлғайтып, Қазақстанда 15 әуежайды қайта жөндеуден өткіздік. Нәтижесінде барлық салалар тұрақты өсу динамикасын көрсетуде», — дейді.

Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек «2020 жылы транзиттен түсетін пайда 5 млрд долларды құрауы қажет» — деді. Сарапшылардың дерегіне сүйенсек, халықаралық көлік нарығы жаһандық экономиканың 6%-ын құрайды. Ал әлем бойынша жүк тасымалынан түсетін пайда — 4,5 трлн доллар. Бұл — Дүниежүзілік банк пен Халықаралық валюта қорының мәліметі. Сонымен қатар Еуразиядағы мемлекеттер бір нарықта отыр. Мұнда әлемдегі халықтың 65%-ы, энергетикалық ресурстардың 75%-ы бар, әрі әлемдегі ЖІӨ-нің 40%-ы осы материктегі елдерге тиесілі. Сондықтан көлік тасымалы — маңызды, тұрақты дамуға жол ашатын саланың бірі. Осы орайда еліміз көлік логистикасының дамуына баса мән беріп отыр.

Жеңіс ҚАСЫМБЕК:

«ҚАЗАҚСТАН ТРАНЗИТТІК ЕЛ БОЛА АЛАДЫ»



және компанияларының өкілдері ретінде 300-ден астам қазақстандық және шетелдік делегаттар қатысты. Инвестиция және даму министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, конференцияға қатысқан жоғары лауазымды шетелдік қонақтардың арасында Түркі кеңесінің басшылары, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы, Әзірбайжан, Ресей, Литва және Латвия көлік министрліктерінің, ТРАСЕКА үкіметаралық комиссиясының және Теміржолдар ынтымақтастығы ұйымының басшылары болды. Сондай-ақ 23 мемлекеттің дипломатиялық миссияларының басшылары қатысты.

Министр Жеңіс Қасымбек 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан ірі көлік жобаларын толығымен қамту арқылы еуразиялық кеңістіктегі негізгі көлік дәліздері мен бағыттарын біріктіру үшін үкіметаралық деңгейдегідей, іскерлік топтар арасында да ынтымақтастықта болуға шақырды.

Сонымен қатар жалпы отырыс спикерлері

Конференцияны қорытындылай келе, қатысушылар «ТрансЕуразия-2017» көлік және транзиттік әлеуетіне арналған Х халықаралық конференцияның Қарарын қабылдады.

Еске сала кетейік, қарашаның 1-нен 3-іне дейінгі аралықта өткен конференция аясында БҰҰ-ның көлік және шекарадан өту СПЕКА жобалық жұмыс тобының 22-сессиясы, көлік және логистика бойынша 21-ші TransKazakhstan/Translogistica 2017 халықаралық көрмесі, қосымша іс-шаралар сериясы ұйымдастырылды.

БҰҰ-ның СПЕКА бойынша Көлік және шекарадан өту жөніндегі жобалау жұмыс тобы БҰҰ СПЕКА-ның тұрақты даму мақсаты жөніндегі (ТДМ) семинары және «Интермодальдық көлік дәлізін дамытудың жаңа драйвер ретіндегі» БҰҰ ЭСКАТО арнайы сессиясынан құралады.

Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек «ТрансЕуразия-2017» конференциясында Қытай-Еуропа одағы-Қытай бағыты бойынша контейнерлік транзиттік тасымал көлемі 100 есе өскені туралы

айтты. ФИАТА (Халықаралық экспедиторлық қауымдастық федерациясы) дүниежүзілік конгресінің қорытындысы бойынша Азия мен Еуропа арасындағы теміржол желісінің саны жылдам өскен. Мысалы, 2013 жылы 72 блок-пойыз болса, 2016 жылдың соңында ол 1200-ге жеткен. Бүгінгі күні Қытайдың негізгі жүк



еуразиялық кеңістікте басты ұлттық көлік инфрақұрылымын дамыту аспектілері, тиімді транзиттік көлік жүйесінің жұмыс істеуі және транскұрлықтық көлік дәліздері туралы пікір алмасты.

Өңірлер арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды нығайту мақсатында Азия — Еуропа бағытында еуразиялық транскұрлықтық бағыттар құрудың жаһандық және өңірлік маңызы артып келе жатқанын атап өтті. Конференция қатысушылары аймақтық көлік байланыстарының архитектурасын құруда Азия даму банк (АДБ) және Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕКДБ) сияқты

ағыны шығатын нүктенен тұрақты 15 бағытқа Қытай-Еуропа-Қытай контейнерлік теміржол желісі ашылғаннан кейін Қазақстан көлік-логистикалық қызмет көрсету жүйесін енгізді.

Қытай-Еуропа одағы-Қытай бағытындағы контейнерлік транзиттік тасымал көлемі 104 мың контейнерге дейін немесе 100 есе өскен. 2020 жылға қарай аталмыш бағыт бойынша тасымал көлемін 800 мың контейнерге дейін жеткізу жоспарлануда. Ал басқа бағыттарды қосқанда жалпы 2 млн контейнерге дейін жеткізу көзделіп отыр.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Құралай ҚАРАКЕН,
Мәжіліс депутаты:

– Денсаулық сақтау министрлігі 2017 жылға емханаларды материалдық-техникалық тұрғыда жабдықтау үшін 10,8 млрд теңге қарастырған болатын. Бірақ бұл қаржыны қайтарып алыпсыңдар. Осының себебін түсіндіріп беріңізші? Жыл бойы денсаулық сақтау министрлігінің есепшотында тұрды. Алайда ауруханаларға берілмеді. Бұл ақша енді қайда жұмсалады?

Сауалы

Жауабы

Ерболат ДОСАЕВ,
Премьер-Министрдің орынбасары:

– Осыған дейін сол қымбат медициналық жабдықтарды алу үшін өте көп ақша бөлінді. Бірақ соның көбісі белгісіз себептермен пайдаланып жатқан жоқ. Біздің қолымыздағы мәліметке сәйкес, барлық өңірде осындай жағдай тіркелген.



Егер сіз өздеріңіз бекіткен алдағы үш жылғы бюджетке қарасаңыз, қымбат медициналық қондырғыны сатып алуға бір тиын да бөлінбеді.

Мәселе

СЫПЫРҒЫНЫ ДА САТЫП АЛАМЫЗ БА?

«Біз шетелге шикізат сатып, оның орнына болмашы нәрсені аламыз. Базарда сатылып жатқан сыпырғының өзі сырттан әкелінген. Сонда біз әлі күнге сыпырғы жасай алмаймыз ба?». Мәжіліс депутаты Владислав Косарев бұл жетіде осындай сауалды көлденең тартты.



Сондай-ақ ол шикізатты шетелге жөнелте бермей, өзімізде өндірісті дамытсақ, отандастарымыз жұмыспен қамтимыз деген пікірде. Мәжіліс депутаты осыған дейін көтерген мәселесі де жауапсыз қалғанына қынжылды. Ол «Өткен жолғы отырыста бюджет қаржысының жымқырылып жатқандығы туралы

айттық. Үкімет мүшелерінің бірі келіп «кім, қашан, қайда жымқырды?» — деп сұрамады. Өкінішке қарай, бұл мәселе де тасада қалды» — деді.


Міне, қызық!

Бердібек САПАРБАЕВ,
Ақтөбе облысының әкімі:

«Бос жұмыс орындары мен жұмыссыздар санын салыстырсақ, ұсынылған қызмет артықтау. Яғни еңбек нарығында жұмыс орындары баршылық. Жалпы, жұмыссыз адамға жалақы көлемі немесе

«ЖҰМЫС БАР, ЖҰМЫСШЫ ЖОҚ»

еңбек жағдайы ұнамайды. Бұл жайында өткізілген еңбек жәрменкелері нәтижесі бойынша анықталды. Өңірдегі жұмыс берушілер қызмет орындарын ұсынғанымен, өкінішке қарай, жұмыссыздар бас тартады. Ақтөбе облысында ресми түрде тіркелген жұмыссыз саны — 23 мың».



(Орталық коммуникациялар қызметінде айтқан сөзінен)

Көші-қон

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қойып отырған маңызды міндеттердің бірі ішкі көші-қон процестерін реттеу және еңбек ресурстарының теңгерілімділігін арттыру, халықты біркелкі жайғастыру мақсатында еңбек күші көп аймақтан еңбек күші жетіспейтін солтүстік өңірге көш басын бұру – өте маңызды қадам.

республикалық бағдарламаға енгізілмеген. Ал енгізілуі керек еді. Жоғарыда шағын ауылдардың облыс картасынан жоғалып кету қаупі туып отырғандығын айттық. Тарап кету қаупі төніп отырған ауылдар біреу емес, бірнешеу. Ондап



фармацевт дәрігерлер қажет. Ерейментау ауданында мұғалім, дәрігерлермен қатар, механизаторлар, малшы мен жылқышы, ауыл шаруашылығының жұмысшылары жетіспейді. Аудандағы «Жұмай», «Атамекен Акку» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері қолына құрық ұстайтын малшы таба алмай отыр. Міне, осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Біз теріп алған мысалдар, ел ішінде жұмыстың барлығын, мамандардың жетіспейтіндігін көрсетеді. Демек, онтүстіктен ескен леп облыс экономикасын көтеруге септігін тигізетіні анық. Қаймағы бұзылмаған қазағы өңірден келген ағайындар тілімізге де, рухани әлемімізге де мол әсерін тигізеді еді.

Елдігі бір ұсыныс көштің басын Ақмола облысына бұрғызу. Сөйтсек, демографиямыздың демігуі басылып, дертінен арылып, халық саны үстемелеп, көбейер еді. Бала саны жетпей, жабылып жатқан мектептеріміз аман қалар еді. Мектеп ауылды сақтар еді.

Жасыратыны жоқ, жер емшегін емген онтүстіктің еңбеккер жұртынан үйренеріміз аз емес қой. Елбесіп-селбесіп жақсысын үйреніп, дәстүрімізге қосып, дастархандағы дәмді молайтар едік. Ол үшін көшіп келушілерге әр ауданның өкімдігі баспанасын сайлап, жұмысын дайындап, ауылға арналған «Алтын асық», «Құлан» тәрізді бағдарламалардың жай-жапсарын насихаттап, жеткіншектерін мектепке орналастырса болғаны.

Байкал БАЙӘДІЛОВ

QOĞAM

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Қанша жерден шенеунікті жауапкершілікке тартқанымен қажетті деңгейдегі қоғамдық бақылау болмаса, мәселе шешіле қоймайды. Егер жол Оңтүстік Қазақстан облысында салынып жатса, сол жердің мәслихаты, кеңестері, жергілікті тұрғындар сапалы болуын талап етіп, мониторинг жасауы қажет. Соған сәйкес ақшаның қайда кетіп жатқаны, тендердің

бізде олар жүзеге асырып отырған бағдарлама мен жұмыс қашанда сәтсіздікке ұшырайды. Өйткені коммерциялық құпия дегенді желеу етіп, олар коррупцияға жол ашады. Жемқорлық бар жерде кез келген бағдарламаны, яғни жол салу, ауыл шаруашылығы, индустрияны дамыту болсын сапалы жүзеге асыру мүмкін емес. Сол үшін тағы да қоғамдық бақылау керек деп ойлаймын.

Айқын ҚОҢЫРОВ:

ЖЕМҚОРЛЫҚ ТЫЙЫЛМАЙ, САПА ТҮЗЕЛМЕЙДІ

колында жұмысшысы мен техникасы бар компанияға емес, белгісіз бір кәсіпорынға неге берілгендігі жөнінде есеп жасалу қажет.

Жас қазақ: Министр өз жауабында жолдың сапасына байланысты соңғы жылдары кемшілік жоқ делі.

Айқын Қоңыров: Менінше, министр соңғы екі жылда салынып жатқан жолдар жөнінде айтқан болар. Бірақ Астана-Бұрабай тасжолы бойынша да көптеген мәселе бар. Мәселен, жолдың беткі қабатының сапасы, жолдан мал айдап өту деген сияқты. Сондай-ақ ол жол басынан жоспарланғанда қате жобаланған. Сондықтан жанадан салынып жатқан асфальт бойынша да ешқандай мәселе жоқ деп айту дұрыс емес.

Жас қазақ: Жалпы, осындай бармақ

басты, көз қысты әрекеттерден қашан құтыламыз?

Айқын Қоңыров: Ең бастысы — қоғамдық бақылау. Сосын кез келген деңгейдегі ұлттық компаниялардың қызметінде ашықтық болмаса,

Сондай-ақ республикалық деңгейде болса, парламенттік бақылау болу қажет.

Жас қазақ: Бақылаушы мекемелер бар емес пе?

Айқын Қоңыров: Олардың арасында да жемқорлық бар. Бір мемлекеттік қызметкер екінші бір мемлекеттік қызметкермен келісімге келе алады. Мәселен, «ҚазАвтоЖол» мәселесі бойынша тексерушілер де пара алғандығы айтылды емес пе? Сондықтан қоғамдық бақылау болмаса, есеп беруші тексерушіге пара беріп, келісімге келуі қиын емес.

Сұхбаттасқан
Бейбіт ТОҚТАРБАЙ,
Астана

Адами капитал

Бизнесті трансформациялау – заман талабы. Осы бағдарлама аясында жеткен жетістігіміз аз емес. Астанада Өмірзақ Шөкеевтің төрағалығымен «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформация бойынша басқарма комитетінің мәжілісінде осындай пікір айтылды. Жиын барысында Бизнесті трансформациялау бағдарламасының бүгінге дейінгі жетістігі сөз болды. Трансформациялау бағдарламасының кезекті атқарушы комитетінің мәжілісі онлайн режимде өтті.

арнайы команда құрылған. Ол «Трансформациялау компанияны бәсекеге қабілетті ете түсетін жүйе. Егер сіз 20-30 жыл бұрынғы компаниялардың тізімі мен оны бүгінгі күнгі жағдаймен салыстырсаңыз, өте үлкен өзгерісті аңғарып, ірі компаниялардың өміршеңдігін дәлелдеп шыққанын көресіз. Нәтижесінде олар өміршеңдігін сақтап қалды? Өйткені уақытында

бағытқа тәуелді. Бұл бағыттың үшеуі бойынша бізде жол картасы бар», — деді. Менеджерлерге қатысты жол картасы негізінде «Самұрық-Қазына» компаниялары басшылығындағы 1600 қызметкердің халықаралық дәрежеде бәсекеге қабілетті болуын көздейді. «Нақты айтқанда, екі бағытта жүзеге асырамыз. Біріншіден, ірі компанияларда еңбек еткен мамандарды шақырып, жергілікті кадрларды тәрбиелегіміз келеді. Екіншіден, лауазымдар бойынша жұмыс жүргіземіз. Лауазымдарға қойылатын талаптар біздің аналогтарға қойылатындай дәрежеде болуы керек. Барлық компаниялар мен лауазымдар үшін біз тәуелсіз комиссия құрдық. Ол комиссияның құрамына тәуелсіз директорлар, шетелдік мамандар мен біздің компанияның үздік мамандары енді. Нақты сол комиссия бүгінгі менеджерлердің лауазымына сәйкес келе ме, жоқ па, соны анықтап беруі тиіс», — дейді. Ө. Шөкеевтің айтуынша, көптеген лауазымды тұлғалар бұл талаптарға сәйкес келмей қалады. Мәселен, бас кеңесшінің өзінде менеджерлердің жартысы, басқа кәсіпорындар менеджерлерінің 30-40 пайызы Jobmatching процесінен өте алмай, олармен қош айтсұға тура келген. Ол «Біздің өзіннің ізбасарларын тартқысы келетін жетекшілер баршылық. Біз бұған қарсымыз. Мұндайды байқасақ, нақты сол компанияда Jobmatching процесін қайта өткізуді талап етеміз. Әр менеджер арнайы әдістеме арқылы ашық түрде сыналады. Егер талапқа сай келмесе, шығады. Бірақ компанияға ену күрделене түседі. Ол емтиханның 8 түрінен өтеді», — дейді.

«Самұрық-Қазына» корпоративтік орталығын трансформациялау жобасының жетекшісі Лариса Ямзинаның айтуынша, басты жетістіктің бірі — холдингтің жария жұмысы әлемдік деңгейде мойындалды. Нақты айтқанда, жариялылық индексі бойынша Кор ен жоғары — 10 ұпайға қол жеткізді. Сөйтіп «Самұрық-Қазына» әлемдік қорлардың алғашқы ондығынан көрінді. Мұнымен тынбай, «Самұрық-Қазына таяуда ғана мемлекеттік инвесторлар тізімінде 15-ші орынды иеленіп, C1C, Temasek сияқты қорларды артта қалдырды.

Талап ТІЛЕГЕН




ТРАНСФОРМАЦИЯ – КОМПАНИЯНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРАДЫ

«Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы басқармасына қарасты компанияларға енгізілетін трансформация бағдарламасы бизнесте 100 пайыз пайда әкеледі. «Бағдарламадағы әр жобаның өзіндік пайдасы бар. Бұл жобалармен айналысып жатқан адамдардың ісімен дәлелденді. Біз трансформациялау арқылы 100 пайыз табысқа жететінімізді біліп отырмыз. Бүгінгі айтып отырған жобалар — процестің бір бөлігі ғана», — деді «Самұрық-Қазына» басқарма төрағасы Өмірзақ Шөкеев. Оның айтуынша, трансформация қызмет міндеттемесін реттей отырып, ортақ экономикалық өсімді қамтамасыз етеді.

Ол «Трансформацияны көп адамдар түсініксіз идея деп ұғынуы мүмкін. Іс жүзінде трансформациялау — шағын жобаларға бөлінген аса пайдалы жоба. Өйткені қызметкерлердің әрқайсысы тек өз ісімен айналысып, түпкі мақсатын біледі» — деді. Сонымен бірге холдинг басшысы трансформация процесі сарапшылардың үздік

буынын қалыптастыратынына сенім білдірді. Бұл процесс менеджерлерді көптеп тартуда. Көбі жас болса да, кәсіби тұрғыда шыңдала түскен. Басқарма төрағасы «Біз бүгінгі күні трансформация аясында бірнеше жобаларды қараймыз. Бұл — құрылымы берік, жүйелі әрі нақты бөліктерге бөлінген бағдарлама. Мәселен, «Самұрық-Қазынаның» бас кеңесшісі трансформациялауды 22 жобаға бөлдік. Әр жобаның өзінін орындаушысы мен қоры бар. Аталған жобаның жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін арнайы команда құрылды», — дейді. Еңшілес компанияларда трансформациялау бағдарламасын жүргізу үшін

трансформациялаудан өтті, — дейді. Сонымен бірге трансформациялау адамдарды жұмыстан босату емес, тиімсіз шығындарды қысқарту. Компаниялардың барлық жетекші менеджерлері арнайы Job matching процесінен өтеді. Басқарма төрағасы Өмірзақ Шөкеев «Барлық ұйымдар, коммерциялық компаниялар үш бағытта дами алатынын көріп отырмыз: біріншісі менеджерлердің сапасы, екіншісі процестердің сапасы, үшіншіден, технологиялар. Барлық бизнес осы үш



Орайы келген әңгіме

Орайы келген әңгіме

— **Жобаға қатысуға қанша адамнан өтініш түсті? Қай саланың маманы көбірек?**

— Жобаға жалпы саны 2000-нан астам өтініш түсті. Алғашқы өтініштер бізге маусымнан бастап келе басталды. Сайтта алты сала бойынша таңдау өткізіліп жатыр. Оның ішінде, «Қоғам» саласы бойынша келген өтініш көбірек.

— **Жобаға қатысуға ниет білдірген үміткерді комиссия қандай талаптар бойынша іріктеп алды?**

— Үміткерді арнайы комиссиядан құралған сарапшы топ іріктеді. Бұл жоба El.kz платформасында жүзеге асқанымен, біз тек келіп түскен өтінішті қабылдаймыз. Олардың өмірбаянын редакциялап, сайтқа орналастырумен айналысамыз. Ал



қойылатын талаптарға қатысты ештеңе айта алмаймын. Себебі оны сарапшы топ өзі анықтап, бізге тек нақты санын жібереді. Мысалы, басында 500 адам іріктелді. Кейін оның ішінен «100 жана есім» жобасына лайық деген 302 адам таңдалды. Біз оларды сайтқа орналастырдық. Ал дауыс беру қазанның он сегіз күні басталды. Содан бері тіркелген дауыс 108 мыңнан асты. Оның ішінде 52 000 адам үміткерлерге дауыс берді. Ал жалпы дауыс саны — 108 640.

— **«100 жана есім» жобасына елге танымал қандай тұлғалар қатысуда?**

— Негізі, жобаның мақсаты — тәуелсіздігіміздің дамуына үлес қосқан, жұрт есімін біле бермейтін азаматтарды таныту. Десе де, олардың арасында танымалдары да кездесіп қалады. Мысалы, «Ғылым» саласы бойынша Салтанат Байқошқарова, сондай-ақ «Мәдениет» саласында да бірен-саран

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында өліміздің бүгінгі көлбөтін айқындайтын «100 жаңа есім» жобасы ұсынылған болатын. Маусым айында басталған бұл жобаға өліміздің түпкір-түпкірінен көп адам қатысуда. «100 жаңа есім» жобасына қатысушыға дауыс беру «El.kz» интернет-сайтында жүзеге асады. Осыған орай біз аталған сайттың шығарушы-редакторы Бақытқұл Абайқызына бірнеше сауал қойған едік.

отандастарымыз танитын тұлғалар бар. Дегенмен бұл жобаға қатысушылардың 90 пайызын жұрт біле бермейді.

— **Жоба қашан аяқталады? Ең көп ұнай жинаған қатысушыға қандай да бір марапат немесе лайықты сый-сияпат жасала ма?**

«100 жаңа есім» жобасына қатысушыға дауыс беру «El.kz» интернет-сайтында жүзеге асады. Осыған орай біз аталған сайттың шығарушы-редакторы Бақытқұл Абайқызына бірнеше сауал қойған едік.

НАҒЫЗ ТҰЛҒА
ТАНЫЛАДЫ

— Бұл — бізге көп қойылатын сауалдың бірі. Онлайн дауыс беру 10 қарашаға дейін жалғасалы. Сол кезде «100 жана есім» іріктеледі. Жақында министрліктер мен Қазақстан Халқы ассамблеясы, «Қазконтент» АҚ төрағасының қатысуымен журналистерге арналған үлкен брифинг өтті. Сол кезде анықталған «100 есімге» берілетін марапат пен сыйлық жоба біткеннен кейін белгілі болатыны айтылды. Сонымен қатар алдағы уақытта осы жүздікке енген үздік кандидаттар туралы деректі фильмдер мен арнайы бейнероликтер түсіріледі.

— **Жобаға қатысуға үміткерлер өз-өзін ұсына ала ма, болмаса қандай да бір құзыретті мекеме ұсыныс жасауы керек пе?**

— Бұл жобаға кез келген өтініш қабылданады. Бізге өзінің өмірбаяны, жеткен жетістігін жазып, өз кандидатурасын ұсынғандар да, үшінші жақтан өтініш білдіргендер де болды. Бұл жобала қарастырылған. Сондай-ақ белгілі бір мекеменің атынан да ұсынуға болады. Мысалы, ассамблеядан және медициналық мекемеден өздері ұйғарып, ортасынан білікті маманын ұсынғандар болды.

Сұхбаттасқан Бейбіт ТОҚТАРБАЙ

Көлік логистикасы

«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» еліміздің географиялық орналасуын тиімді пайдалану және өзінің транзит әлеуетін нығайтуда инфрақұрылымды дамыту міндеттері қарастырылған. Батыс пен шығысты, солтүстік пен оңтүстікті жалғайтын күре жолға айналсақ, ел экономикасы ерлей бөрмек. Ал елдің транзит әлеуетін арттыру жаңа автокөлік жолдары мен теміржол құрылысын қажет етеді. Сонымен бірге халықаралық дәлізге шығу мүмкіндігін де қарастырады.

«НҰРЛЫ ЖОЛДЫҢ» ЖЕМІСІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылғы «Нұрлы жол» халыққа арнаған биылғы Жолдауында: «Еліміздің көлік және транзит әлеуетін толық ашу үшін көрші елдермен үйлесімді іс-қимыл қажет. Жүктердің еркін транзитін, көлік дәліздерін құру мен оларды жаңғырту ісін қамтамасыз ету керек» деген болатын.

Осы тұрғыдан алғанда, Азияны Еуропаға тікелей жалғайтын Баку-Тбилиси-Карс (БТК) теміржолының іске қосылуы — еліміз үшін маңызды оқиға. Осы аптаның басында жаңа бағытта жолға шығатын астық тиелген алғашқы пойыз Құрық портынан Каспий арқылы пароммен Бакуге жеткізілді.

Ұзындығы 826 шақырымға созылып жатқан БТК теміржолының құрылысы осыдан он жыл бұрын Әзірбайжан, Грузия және Түркия арасындағы мемлекетаралық келісім негізінде басталған-тұғын. Бастапқы құны 422 млн доллар деп белгіленсе де, жыл өткен сайын қоматқы қаржыны қажет етті. Тек Әзірбайжан тарапынан 640 млн доллар құйылды деген дерек бар. Теміржолдың ашылу салтанатында сөз сөйлеген еліміздің Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев БТК-ға 10 млрд доллардан астам инвестиция құйылғанын мәлімдеді.

Әйтсе де, бұл — өзін-өзі ақтайтын жоба. Өйткені БТК теміржол магистралі келешекте жаңа Жібек жолының бір бөлігіне айналуы тиіс. Ол арқылы жылына 6,5 млн тонна жүк және бір миллионға жуық жолаушы тасымалдау жоспарланған. Бара-бара жүк өткізу әлеуетін жылына 17 млн тоннаға, ал жолаушы тасымалын 3 миллионға дейін жеткізу көзделіп отыр.

Айта кету керек, Түркияның теміржолды дамыту бағдарламасына сәйкес, Босфор бұғазының астында Мәрмөра су асты теміржолы салынып қойды. Болашақта ол Ұлыбритания мен Оңтүстік Кореяны



байланыстыратын транскүрлық теміржолының бір бөлігіне айналады.

Еске түсірсек, 2015 жылдың желтоқсан айында Грузияға қытай елінен Түркияға жүк апаратын алғашқы транзит пойызы келді. Ол қытайдың Люньюанған айлағанын Қазақстан арқылы өтіп, Құрық портынан пароммен Әзірбайжанға жетті. Әрмен қарай жүк теміржол арқылы Грузияға әкелінді. Грузияның Поти портынан Қара теңіз арқылы Ыстамбұлға қарай жөнелтілді. Енді Баку-Тбилиси-Карс темір жолы іске қосылғаннан кейін Поти-Ыстамбұл теңіз жолының қажеті болмайды. Бұрынғы бағытпен жүк тасымалдауға 40-45 тәулік керек болса, БТК арқылы 10-15 күнде жеткізуге болады. Содан да болар, 30 қазанда БТК теміржолының ашылу рәсімінде сөз сөйлеген Әзірбайжан президенті Ильхам Әлиев оған «стратегиялық маңызы бар тарихи нысан» деген баға берді. Өйткені БТК теміржолы — Еуропа мен Азия арасындағы ең қысқа жол.

Грузия премьер-министрі Георгий Квирикашвили БТК-ны «тұрақтылықты қамтамасыз

ететін жоба» деп атады. Ол аймақтың көлік және сауда әлеуетін күшейтеді. Сондай-ақ бір млн жолаушыны тасымалдауға шамасы жететін БТК туризмнің дамуына серпін беріп, жаңа жұмыс орындарының құрылуына септеседі. Грузияның үкімет басшысы БТК бағытының жемісті болуын Қытаймен экономикалық байланыстың нығаюымен байланыстырады. «Бүгінгі жөнелтілетін жүк Қытайдан ақырғы нүктеге дейін небәрі 8 күнде барады. Осы жобаны жүзеге асыруда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі зор» деп атап көрсетті Георгий Квирикашвили.

Еліміздің Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевтың пікірінше, бұл жоба Каспийдегі логистика мүмкіндігін кеңейтіп, Қытайдан Еуропаға жүк тасымалдау үшін қолайлы жағдай жасайды. Жүк тасымалының жылдамдығы екі есе артады. Айта кеткен жөн, біздің еліміз де қол қусырып, қарап отырмалы. Ақтау порты жаңғыртылып, Құрық паром айлағы салынды.



«Жаңа стратегиялық жоба тиімділігін дәлелдеді. Жуырда ғана Құрық порты арқылы жөнелтілген жүк көлемі 1 млн тоннаға жетті. Болашақта Каспийдегі қазақстандық порт инфрақұрылымының жүк өткізу әлеуеті жылына 25 млн тоннадан асып түседі» деді Бақытжан Сағынтаев.

БТК теміржолы жобасына тікелей қатысушы болмасақ та, біз Еуразия құрлығының екі өрісі — Қытай мен Еуропаны Каспийдің қос жағалауымен де жалғайтын Транскаспий бағытындағы басты елдің біріміз. Қытай мен Еуразия арасындағы тауар айналымы жылына 1,5 трлн долларды құрайды. Қытай өнімдерін еліміздің аумағы арқылы алып өтетіндіктен, ірі транзит хабына айналуға мүмкіндік бар. Жаңа теміржол бағыты Еуропа мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты дамытады. Сондай-ақ осы жобаға тікелей және жанама түрде қатысатын елдердің серіктестігін де нығайта түседі. Сондықтан әзірбайжан сарапшылары БТК теміржолының ашылу салтанатына Қазақстан премьер-министрінің жай қонақ емес, қатысушы ретінде келуін тараптардың ортақ мүддесінің дәлелі деп бағалады.

Баку-Тбилиси-Карс теміржолының іске қосылуы еліміздің коммуникациялық әлеуетін ғана арттырып қоймай, «Бір белдеу — бір жол» (*Жібек жолы*)

бастамасындағы транзит рөлін күшейтеді.

Каспий және Қара теңіз аймағында интеграцияны дамыту Қыр Шығыстан Еуропаға жүк тасымалдауға белсенді аталысқысы келетін мемлекеттердің мүддесіне жауап береді. Бұл тұрғыдан да көлік және транзит әлеуеті орасан саналатын еліміздің орны ерекше. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың солтүстік-оңтүстік, шығыс-батыс, шығыс солтүстік бағытындағы заманауи көлік желісінің құрылуына айрықша мән беретіні де содан.

Болашақта еліміз дәл осы бағытта басымдық беруі ықтимал. Өйткені қазір өнімді Еуропа нарығына тасымалдауда Ресейдің көлік инфрақұрылымы пайдаланылады. Әлбетте, терістік бағыттың өз артықшылығы бар. Ол — бір ғана елдің аумағы арқылы өтуі. Кемшілігі — жолдың ұзақтығы және тәуелділік. Баку-Тбилиси-Карс теміржол құрылының ашылуымен бәсеке пайда болады. Бұл өз кезегінде тарифтің арзандауына септігін тигізеді.

Еліміз үшін БТК бағытының тағы бір маңызы бар. Бұған дейін Әзірбайжан елімізге мұнайды паром, танкер және Баку-Тбилиси-Жейхан құбыр желісі арқылы тасымалдауға мүмкіндік беріп келді. Енді БТК теміржолымен мұнай өнімдерін Еуропаға көбірек көлемде тасымалдауға жол ашады. Қашағанда мұнай өндіру көлемі ұлғайғанда «қара алтынды» әлемдік нарыққа жеткізу мәселесі шығатыны анық. Оның үстіне БТК теміржол бағыты қытайдың «Бір белдеу — бір жол» жобасына енгізілген кезде біз үшін маңызы артады. Өйткені бұл миллиардтаған тонна жүк тасымалын қамтитын ауқымды жоба. Сондықтан да БТК бағытының еліміз үшін стратегиялық маңызы айрықша.

Гүлнар АХМЕТОВА

Көкжиек

(Басы 1-бетте)

Осылайша, халықаралық транзит хабының бір тармағына айналатын аймағымызда көлік инфрақұрылымының көсегесін көгертіп, қатынас-тасымал қуатын арттыруға басымдық беріліп отыр.

Былтырғы жылдың соңында еліміздің көлік-логистика инфрақұрылымының дамуына дем беріп, транзит әлеуетін арттыруға жол ашатын Құрық портындағы паром кешенінің 1-кезені мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен «Қазақстандық жана индустрияландыру: орнықты даму мен прогресс үшін» жалпыұлттық телекөпірде пайдалануға берілген-ді. Сөйтіп, Транскаспий халықаралық дәлізі

еліміздің көлік-логистикалық хабы, транзиттік дәлізі. Мұнда соңғы жылдары жаңа жобалар жүзеге асып, жаңа нысандар салынып, жаңа жұмыс орындары ашылуда. Елбасы Н.Назарбаев Маңғыстау облысының дамуына баса мән беріп келеді. «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша іске асып жатқан стратегиялық жобалардың бірі — Құрық паром кешені. Паром кешені еліміздің әлеуетін арттыруға үлкен ықпалын тигізеді. Бұл аймақтық жоба Азия мен Еуропаға жол ашады. Карс-Ахалкалаки транспорттық дәлізінің құрылысы қарашада аяқталғаннан кейін Ақтау порты мен Құрық паром кешенінде жүк легін арттыру жұмыстары жандана түседі. Паром кешенінің 2-кезені жыл аяғында пайдалануға берілуі тиіс. Жұмыс көп, уақыт аз қалса да артылған сенімнің үлесінен көрінесіздер деген сенімдемін», — деді.

«Жаңа еуразиялық логистикалық инфрақұрылымды дамыту — маңызды басымдықтардың бірі. Транскаспий дәлізі бойынша тасымалдау көлемінің ұлғаюына байланысты Құрық портын салудың екінші кезеңі — автомобиль өткелі құрылысын іске асыруға кірісу қажет»

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауынан)

Әзірбайжан мемлекеттеріндегі порт сияқты қолайсыз ауа райына төтеп береді. Айлақтың суы қатып қалмайды. Теңіз тереңдігі де талапқа сай болғандықтан, порт салуға ыңғайлы. Қаладан жырақ орналасуы, құрылысқа ыңғайлы болуы өндіріс қуатының өнімді болуына тікелей әсер етеді. Жуырда Құрық паром кешенінде алғашқы миллионыншы тонна жүк



көлік-логистикалық жүйесінің маңызды буыны саналатын Құрық портында паромға жүк вагондарын тиеу басталды. Аталған портта алғаш рет «Шахдаг» кемесіне Маңғыстау локомотив пайдалану депосының бригадасы тиеген вакуумдық газ майы Бакуға экспортталды. Тұңғыш рет Құрық портында 2733 тонна көмірсутекті тиеліп, жүк әзірбайжандық Алят портына жеткізілгеннен кейін теміржол арқылы Батумиге, сосын Еуропаға жол тартты.

Қыркүйекте өңірімізге жұмыс сапарымен келген Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Аскар Мәмин Құрық портындағы құрылыс алаңдарын аралап, тындырылып жатқан жұмыстың жай-жапсарымен танысқан болатын.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары А.Мәмин «Маңғыстау —

Құрық портында паром кешенінің салынуы көршілес мемлекеттерге және Еуропаға жөнелтілетін жүкті вагоннан түсірмей, бірден ауыстырып тиеуге мүмкіндік береді. Бірнеше халықаралық көлік дәлізінің қиылысында орналасқан порт арқылы келешекте металл, астық, мұнай өнімдері және тағы басқа халық тұтынатын тауарлар төрткүл дүниеге таралады. Паром кешені Каспий порты арқылы өтетін Қазақстанның батыс бағытының транзиттік және экспорттық қуатын арттыратын ірі жобалардың санатына кіреді. Географиялық жағынан тиімді орналасқан порт өзге мемлекеттердің айлағына жетуге жол қысқартады.

Құрықтағы жағалау алқабының артықшылығы — климаттық жағдайы аса қолайлы. Мол мүмкіндігі бар Грузия,

салтанатты түрде жөнелтілді. Мұнда жыл аяғына дейін жүк жөнелту көлемін 1 млн 300 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарланған.

Жуырда өңірімізге іссапармен келген Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев Құрық паром кешенін аралап, жұмысымен танысқан-ды.

— Жыл басында құрылысы басталған автокөлік кешені кезеңі аясында құрылыс алаңында жатақхана, асхана, қонақүй, кедендік бақылау қызметі, көлікті өткізу пункті, өрт сөндіру депосы және тағы да басқа ірілі-ұсақты 120-ға жуық нысан салынып жатыр. Бұл кезең толық қуатында жұмыс істегенде жылына 2 млн тонна жүк тиеуге мүмкіндік береді. Порт аумағында ғимараттарды салу, монтаждау, инфрақұрылым жүргізу, қауіпсіздікпен

қамтамасыз ету жұмыстарын бірнеше мердігер мекемелер атқару үстінде. Қазіргі таңда паром кешені аумағында 700-ден аса алам жұмыс жасаса, оның 600-і маңғыстаулық тұрғындар. Облыс әкімі Ералы Тоғжанов тапсырмасымен қажетті мамандықтар бойынша жұмыссыздар қайта даярланып, кадрлар дайындалады, — деді «Құрық порты» ЖШС директорының пайдалану жөніндегі орынбасары Талғат Оспанов.

Оның айтуынша, жобаны іске асыру нәтижесінде 2020 жылға қарай еліміздің теңіз порттарының қуаттылығы 26 млн тоннаға дейін жетеді.

Құрық порты теміржол мен айлалық түйістіретін алып жобаның 2-кезені осы жылдың желтоқсан айында пайдалануға берілмек.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы
Сурет: Талант ҚҰСАЙЫН



Әуе жолы

Компания өзіне қажетті мамандар дайындау мақсатында «Арманыңды іске асыр!» науқанын бастайтынын мәлімдеді.

«Әір Астана» АҚ президенті Питер ФОСТЕР:

«Бүгінде «Әір Астана» ab-initio бағдарламасы бойынша Испания мен Ирландияда ұшықтарды, Германия, Ұлыбритания және Қазақстанда бортжүргізушілерді дайындауды жүзеге асырады. 2018 жылы Астанадағы инженер-техникалық орталығымызда PART-66 стандарты бойынша авиатехниктерді оқытуды бастаймыз. Осылайша, маман тапшылығы мәселесін шешіп қоймай, қазақстандық жетістіктер мен қыздарды мәртебелі

«Әір Астана» жыл өткен сайын қарқынды дамып келеді. 5000 қызметкері, 31 ұшағы бар әуе компаниясы 65 халықаралық және ішкі бағыттағы рейстерді жүзеге асырады. Алдағы жоспарында ұшақ санын 64-ке жеткізу, жұмыс орнын 11 пайызға көбейту көзделген.



мамандықтарға оқыту арқылы әлеуметтік жауапкершілігімізді паш етеміз».

Оқу ақысын әуе компаниясы түгелдей өз мойнына алады. Оқуды бітіріп шыққан тұлғаларға халықаралық сертификат пен лицензия тапсырылады. Сонымен бірге компания оларды жұмыспен қамтамасыз етеді.



мен аталарды авиация мамандықтарына назар аударуға шақырамыз. Көк аспанға самғауды армандатып, көп оқуға дайын Қазақстанның кез келген азаматы бағын сынап көре алады. Бізге келіп, арманыңды іске асыр!»

«Әір Астананың» оқыту бағдарламасына 18-34 жас аралығындағы кез келген адам өтініш бере алады. Қойылатын талап: мықты денсаулық және ағылшын тілін білу.

Компания президенті Питер Фостердің айтуынша, Астана мен Алматыға қарағанда, шағын қала мен ауыл тұрғындары мұндай ірі компанияда жұмыс істеу мүмкіндігіне күмәнмен қарайды. Ендігі кезде «Әір Астана» бұл пікірдің жаңсақ екенін дәлелдемек.

Толығырақ ақпаратты airastana.com сайтынан алуға болады.

Ұлжалғас БОРАНБАЙ

Әліпби

Шөмішбай САРИЕВ, ақын,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері:

«Бұл тақырыпқа байланысты біздің ұжымда, яғни М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында шара ұйымдастырылды. Институт директоры Уәлихан Қалижанұлы сөз сөйледі, мен өлең оқыдым, тағы бірнеше ғалымдар, соның ішінде Еркін Ғалымов деген жас ғалым пікірімен бөлісті. Латын қарпіне көшу — бұл жаңа құбылыс, жаңа бір дәуірдің басталғандығы. Біз латын қарпін бұрын да қолданғанбыз, бірақ сол кездегі империяның күштеуімен кириллицаға өттік. Енді, міне, тәуелсіздігіміздің тұсында әлемдік тілмен үндесуімізді қолдаймыз. Бұл қазақ халқының өз үні, өз дауысы, өз дыбысы бар екендігін білдіреді. Латын әліпбиі бұл ғасырлар бойы қалыптасқан, өмірлік тәжірибесі бар қарпін. Сондықтан, Елбасының бұл бастамасын ақын ретінде, азамат ретінде қолдаймын.



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған ең өзекті мәселенің бірі – қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру тапсырмасы берілген болатын. Осыған орай бүгінге дейін бірнеше алфавит түрі ұсынылып, ел арасында талай талқыға салынды. Нәтижесінде мемлекет басшысы соңғы ұсынысты қабылдап, 26 қазанда қазақ тілі әліпбиін латынға көшіру туралы Жарлыққа қол қойды. Жарлықта көрсетілгендей латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құрылып, 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшуді тапсырды. Қалың қауым жаңа әліпбиге жеке-дара көшуін хат алмасудан бастауда. Бұған Алматыдағы бір топ зиялылар да өз пікірін білдіріп, қолдайтынын жеткізді.

ЛАТЫНҒА КӨШУ –

Kel, balalar, oqylyq

Bir qudai'g'a si'yynyp,
Kel, balalar, oqylyq,
Oqyg'andy ko'n'ilge
Yqylaspen toqylyq.
Istin' bolar qai'yry
Bastasan'yz aldalar,
Oqymag'an ju'redi
Qaran'g'yny qarmalar.
Kel, balalar, oqylyq,
Oqyg'andy ko'n'ilge
Yqylaspen toqylyq.
Oqysan'yz , balalar,
S'amnan s'yraq jag'ylar,
Tilegenin' aldyn'nan
Izdemei'-aq tabylar.

Kel, balalar, oqylyq,
Oqyg'andy ko'n'ilge
Yqylaspen toqylyq.
Mal da'y'lettin' bai'lyg'y,
Bir jutasan' joq bolar,

Oqymystyn' bai'lyg'y,
Ku'nnen- ku'nge ko'p bolar,
Es' jutamaq joq bolar.
Kel, balalar, oqylyq,
Oqyg'andy ko'n'ilge
Yqylaspen toqylyq.
Si'sa ko'i'lek u'stin'de
Toqy'menen tabylg'an...
Say'ysqannyn' tamag'y
S'oqy'menen tabylg'an...
O'ner- bilim ba'ri de
Oqy'menen tabylg'an.
Kel, balalar, oqylyq,
Oqyg'andy ko'n'ilge
Yqylaspen toqylyq.
Nadandyqtyn' belgisi –
Es' aqylg'a jarymas.

Ybyrai'
Altynsari'n

Алтынбек
ҚОРАЗБАЕВ,
композитор:

«Бүгін қол қойылған Елбасының латын әліпбиіне көшу туралы Жарлығы біз үшін қуанышты жаңалық болып отыр. Біз бұған дейін де латын қарпіне көшуіміз керек еді, әлі де болса кеш емес. Осы тұрғыда бұл дер кезінде қабылданған шешім. Себебі бізге болмаса да балаларымызға, кейінгі ұрпаққа латын қарпі өте қажет дүние. Сондай-ақ бізге тән латын әліпбидің нұсқасын дайындау және бекітуді көп сөзбай, тиянақты жұмыс атқарылғаны қуантарлық жағдай».



Шәмша БЕРКІМБАЕВА,
Қазақстанның бұрынғы
білім министрі:



«Латын әліпбиіне көшу үлкен дайындықты, жсан-жақтылықты қажет ететін жұмыс. Сол себепті де қанша уақыт бойы халықтың талқылауынан өтіп, түрлі ғалымдар мен тіл мамандары бұл жұмысқа жұмылдырылды. Осы өткізілген

жұмыстардың нәтижесі ретінде бүгін Елбасымыз Жарлыққа қол қойып, халық назарына соңғы нұсқаны ұсынды. Осыған орай Елбасымызды, елімізді осынау жаңа қадаммен құттықтаймын. Ендігі мәселе — халықты ақпараттандыру, олардың арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу болып отыр».

Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ, М.Әуезов атындағы
әдебиет және өнер институтының
директоры:

«Біз Елбасының қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру нұсқасына қол қойғанынан кейін, бір күннің ішінде митинг өткізіп қолдау білдірдік. Мен бұған дейін де, 20 қазан күні «Ұлт әліпбиі» деген тақырыпта «Егемен Қазақстан» газетіне мақала жариялаған болатынымын. Біз, М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты Елбасының бұл бастамасын ұжым болып қолдаймыз».



Төрегелді ШАРМАНОВ, Алматы қаласының «Құрметті
азаматы», Тамақтану академиясының директоры:



«Елбасы латын әліпбиіне өту туралы Жарлыққа қол қоя отырып, болашаққа үлкен әрі нақты қадам жасап отыр. Бұл біздің, ұлтымыздың рухани кодексі десек те болады. Бұл Елбасының бастамасы мәні зор, келешектің дамуына көрінісі, мақтанатын нәрсе. Латын ол қазіргі жаңа технологияның, ғылымның, тіпті әдебиеттің тілі. Осы бастаманы Нұрсұлтан Әбішұлы қолдап отырғанына қуаныштымын».

Аягүл МИРАЗОВА, Қазақстанның Еңбек Ері:

«Бүгін Қазақстан халқы үшін ерекше күн деп санаймын. Себебі Елбасымыз көптен бері тақыға түсіп отырған қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіруге байланысты шешімге қол қойды. Дүние жүзіндегі халықтардың 70% латын қарпіне көшкені белгілі. Сол себептен бұл бізге қажет дүние. Елбасымыздың өзі бүкіл қазақ халқының тіл бірлігін сақтауымыз керек деп айтып жүр. Қазақтардың үштен бір бөлігі шетелдерде дейтін болсақ, бәріміздің басымызды тек тіл ғана біріктіре алады. Тілде бірлік болмаса, ұлттық бірегейлік болмайды. Осы тұрғыда түрлі ғалымдарымыздың, тіл мамандарының, қоғам қайраткерлерінің тағы да басқа көптеген тұлғалардың пікір білдіріп, қолдауы еліміздің келешегіне бей-берекет қарамағандығы деп қуанамын. Қазірдің өзінде еліміз әлем көшімен қатар даму үстінде. Халықаралық деңгейде ЭКСПО көрмесін өткізіуіміздің өзі мемлекетіміздің қуаттылығын көрсетсе, латын қарпіне көшуіміз соны нығайта түседі деп ойлаймын».



ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСТАУЫ



Жалдыра ДӨРІБАЕВА, ақын,
мемлекеттік сыйлықтың иегері:

«Мен бүгін қол қойылған Елбасының Жарлығын және бұл шешімін қолдаймын, толық келісемін. Себебі латын қарпіне көшудің уақыты келді. Ел болып, халық болып талқылауға қатыстық. Сондықтан қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру дер кезінде қабылданған шешім. Біздің қарқынды дамып келе жатқан

мемлекетіміз үшін заман ағымымен қатар жүру басты міндеттердің бірі. Қазақ тілі өте бай тіл, ал латын әліпбиіне көшу арқылы біз соны көрсете аламыз деп ойлаймын.

Сонымен қатар өзге халықтармен, соның ішінде туыстас түркі халықтармен етене араласуымызға жол ашылған секілді. Осы жасаған қадамнан біз жақсылық болмаса, жамандық көрмейміз».

Ислам БАЙРАМУКОВ, Олимпиада
ойындарының жүлдегері:

«Елбасының бүгінгі латын қарпіндегі жаңа әліпбиі бекіту туралы Жарлығын, ондағы үкіметке берілген тапсырмамен танысып, қуанып қалдым. Жалпы, бұл өзгерісті толығымен қолдаймын. Елімізге керек нәрсе деп санаймын және бұл бастама келешек ұрпақ үшін өте маңызды. Тарихты зерттеу үшін, ғылым мен көркем өнерді дамыту мақсатында көп көмек болатыны анық. Сонымен қатар білім алуда да жеңілдіктер болады деп ойлаймын. Мысалы, Әзірбайжан, Түркия елдері еш қиындықсыз осыған өтті. Шетелден келген қонақтарға да латын әліпбиінде жазылған көшелерді, мекен жайларды оқу, олармен пікір алмасу өте оңай болады».



ТҮЙІН

Тәуелсіздігіміздің алтын бесігі Алматы қаласы елімізді алға сүйрейтін бастамаларды ордайым қуана қабылдайды. Латын әліпбиі, біздің дүниежүзілік ғылым, жаңашылдық, рухани әлеміне өтуіміз үшін қажет дүние. Дүниеде бүкіл халықтың 80 пайызы латын әрпіне көшіп кеткен. Экономика, ноу-хау, рухани әлем осы бойынша дамып жатыр. Осындай ауқымды, біздің бала-шаға үшін өзекті мәселеге келгенде жауапты болып, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» өзіміздің өресімділігімізді көрсету қажет-ақ. Осы тұрғыдан алғанда еліміздің алып шаһары саналатын Алматыдағы ұлт зиялыларының да пікірі оңды деп ойлаймыз.



РУХАНИЯТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Алқалы жиын

Жиында сөз бастаған мұрағат басшысы Борис Жапаров «Қазақстан Президентінің мұрағатында еліміздегі саяси биліктің барлық

«Қазақ латын әліпбиін жаңадан енгізейін деп отырған жоқ. Біз сол ата-бабаларымыздың қолданған қарпіне араға біраз уақыт салып, қайтадан оралып отырмыз». Бұл туралы Қазақстан Президентінің мұрағатының директоры Борис Жапаров Алматыда өткен дөңгелек үстел барысында мәлім етті. Басқосу «Мемлекеттік тіл әліпбиінің латын графикасындағы бірыңғай стандартын енгізуді талқылау және қолдау» атты тақырып аясында жүзеге асты. Іс-шараны өткізу мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: Қоғамдық сананың жаңғыруы» бағдарламалық мақаласында қойылған міндеттерді іске асыруға бағытталғаны белгілі. Солардың бірі – терең тарихи маңызы бар, латын әліпбиіне көшу бойынша жұмысты бастау болып табылады. Дөңгелек үстел барысында мұрағатта латын графикасындағы құжаттар мен кітап, журнал, газет басылымдарының көрмесі ұсынылды. Сондай-ақ баяндамалар оқылып, атақты ғалымдар ой-пікірімен бөлісті.



шешімдері мәңгілік мемлекеттік сақтауға алынған. Соның ішінде арнайы құжаттардың тобы 1929 жылы латын қарпін енгізуге қатысты барлық тарихи құжаттар біздің қорларда сақталып келді. Есептер болсақ, 77 жылдан соң латын әрпі қайта оралып отыр. Осы латын әліпбиіне көшу 19 ғасырдың екінші жартысынан бастап біздің ойшылдарды да толғандыра бастап еді. Міне, бүгінде мемлекеттік деңгейде қолға алынып, қолданысқа қайта енгізілді» — деді.

Жиынға келген физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик Асқар Жұмаділдаев та өз ойын ортаға салды. Латын әрпін цифрмен байланыстыра отырып, талдап көрсетті. «Латын әліпбиіне оралу казак клавиатурасын да ауыстыру болып табылмақ. Цифрсыз, сансыз ғылым жоқ.

сөз. Жаңа әліпбиді барлығы толықтай қолдайды. Қазактың өзі екіге бөлініп кеткен болатын. Орыс тілді казактар және таза казактар болып. Ресеймен бірігетін болса, қуана-куана келісетіндер де табылады. Сол олқылықтардың орнын толтырып, тілімізді орнықтыру үшін латын әліпбиі қажет» — деп ойын түйіндеді.

Келген қонақтардың баяндамасынан соң, мұрағат қызметкерлері кезекпен мінберге жайғасты. Алматы

ӨТКЕНГЕ



ОРАЛУ

Қазак техникалық ұл боламын десе, техникалық нәрселерге назар аудару басты міндет. Ал казактың таза пернетақтасына қарасаныз, онымен тек кана өлең, аңыз, ертегі айтуға болады. Қазақша, орысша, ағылшыншаға ауыстырар болсаңыз, қайта-қайта шрифт басып уакытыңызды да кететіні жасырын емес. Осы орайда латын әрпі қолданысқа жеңіл болуы тиіс» — деді профессор.

Ал А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты грамматика бөлімінің меңгерушісі Орынбай Жұбаева 29 жылғы латын әліпбиіне көшкен кездегі терминдердің игерілуі мен жаңа казак әліпбиінің қолданысына байланысты сөзін былай жаңғалды. «Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында жаңа тұрпатты жаңартудың ең басты негізі — ұлттық қолды сақтай білу болатын. Ұлттық код деп отырғанымыз, казактың бірден-бір ұлттық тілі, ділі мен діні. Латын әліпбиіне ауысқандағы негізгі мақсат — ана тілімізді таза күйінде сақтай білуге негізделеді. XX ғасырда Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде казак тіліне шет тілдерден термин қабылдаған кезде бірнеше ұстаным болған. Біріншіден, шетел сөзінің баламасы ретінде казак тілінің өзінің сөздік қорына сөз табу. Екіншіден, казак сөзі табылмаған жағдайда түркі тілдерінен қарастыру. Егер одан да қолданысқа жарамай жатса, казак тілінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкестендіре отырып, сол жат сөзді қабылдау. Бүгінгі біздің тақырыбымыздың өзегі осы жат сөздерді казак тілінің дыбысына сәйкес қабылдауына байланысты» — деп

қаласының орталық мемлекеттік архивінің қызметкері Самал Сексембаева «Өткенге оралу» тақырыбында баяндамасын оқыды. Ол «Елбасымыздың «болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған Ұлттық жаңғыру деген сөзі ұлттық сананы кеңейтіп, кемелдендіру деп көрсеткен. Мұрағаттағы көптеген тарихи деректер, латын әрпіне жазылған кітаптардың барлығы бүгінгі күнге дейін сақтаулы. Латын әрпіне ауысу бұл, өткенімізге қайта оралу болып отыр.



Мұрағатта сақталған бұрынғы деректердің кейбірін атап өтейін. Олар: 1917 жылы жарық көрген «Әдебиет майданы» журналы, шақыру қағаздар, айыпкер ретінде жауапқа тарту туралы хаттама, үкімдер тағы басқа да көптеген құжаттар дәлел бола алады. Латын әліпбиі — жарқын болашақтың негізі болса, оны көтеру, сақтау, мұра ретінде мұқалтпай жеткізу тарих сақтаушыларының қолында дер едім» — деп сөзін аяқтады. Сондай-ақ Архив қорлары мен мемлекеттік есепке алу және сақтауды қамтамасыз ету басқармасының басшысы Гаухар Бекішева «Латын графикасындағы құжаттарға шолу» тақырыбында көптеген қағаз-деректерді баяндамасында барынша тізіп көрсетуге тырысыпты. Тарихи тұрғыда бұл казак жазуының соңғы 2 ғасырдағы 3-ші ірі реформасы болып табылатынын айтып, 1929 жылы болған конференциядағы талқыланған мәселеге де қысқаша тоқтала кетті. «Хангелдиннің «Дидарай» пьесасына Әуезовтің 43 жылы жазған рецензиясы тағы да басқа көптеген маңызды құжаттарды президент мұрағатындағы көрмеден және арнайы сайтымыздан көріп, толық танысуға болады. Латын әрпіндегі жазу мен сызулар өткен кезеңде болғандықтан да, бүгінде еш қиындық тудырмауы тиіс. Латын графикасын қолдану тәуелсіз Қазақстан тарихындағы болашақ ұрпақ үшін зор әдебиетке не, ірі ұлттық жобалардың бірі деп санаймыз», — деді Г.Бекішева.

Сонында баяндамаларды тапжылмай тыңдаған студенттерге де микрофон ұсынылды. Олар көптеген тың мағлұмат алып, латын әрпінің тарихымен толықтай танысқандарын жеткізді. Жаңа графикаға көшу еш қиындық тудырмайтынын, керісінше келешектің кемелдене түсуіне сеніммен қарайтындарын айтты.

Бетті дайындаған
Салтанат ШЫРЫНХАН

6



ТУҒАН ЖЕР

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



атындағы өңірден басталды. Олар алдымен Алматы қаласынан 100 шақырым шалғайда орналасқан Жамбыл ауданының Бесмойнақ ауылына қарасты бүгінгі жұрт «Арасан — Қорасан» атап кеткен киелі жерге ат басын бұрды. «Бірақ бұл жердің тарихи атауы бұл

Экспедиция ең әуелі ел арасына шығып, киелі жерлерді анықтап, аңыздарды жинауды мақсат етті. Сол игі шара абыз Жамбыл атамыздың

махаббатты үкілегенін санап бере алмаймыз. Ең бастысы, бұл үнгірге біз сияқты қаланың ақ алақандары емес, жүрегі мықты жігіттер ғана шыға алады екен. Біздің батылымыз жартысына дейін баруға жетті. Арасаннан 500 метр жердегі тас қора мен



жыл бұрын өңірден шыққан елжанды кәсіпкерлер шыныдан күн формалы етіп жауып, айналасын қобыздың шанағы сияқты цемент қадалармен бекіткен екен. Осыған дейін Түктібай әулие қобызын ат бәйгесіне қосып, бас бәйгені жеңіп алғаны туралы аңызды көп естісек те киелі



КИЕ ҚОНҒАН ҚҰТ МЕКЕН

емес», — дейді жергілікті өлкетанушылар, Әліби Жангелдин атындағы орта мектептің тарих пәнінің мұғалімдері Жанұзақ Нұқанов пен Халида Ысқакова.

Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп тұқияннан өзіме шейін» кітабында «Киелі арасан» делінсе,



Қазақ-Совет энциклопедиясында «Жаманты минералды бұлақтары» деп жазылған. Осылай атау жөн сияқты. Өйткені, арасанның іргесінде Жаманты өзені ағып жатыр. Жаманты туралы тарихи кітаптардан көп оқығанмын. Оның үстіне: «Осы өңірді мекендейтін шапырашты, дулат руларында Арасан, Қорасан деген ата болмаған», — дейді ауылдың шежіреші қариялары. Демек, бұл жерді жергілікті, тіпті республикалық киелі жерлер тізіміне қосуға әбден болады. Расында, арасанды киелі жер десе дегендей. Бұл маннның табиғатының көркемдігін айтпағанның өзінде тауды тесіп ағып шыққан үш бұлақтың суы өзенге қосылмай, жерге сіңіп кетіп жатыр. Әр бұлақтың өзінің емдік қасиеті бар. Бірі асқазан ауруына, енді бірі бүйрек қызметін жақсартуға, енді бірі басқа ауруларға шипа болады. Әр бұлақтың суының суық-жылылығы, дәмі әр түрлі.

Арасанның жанындағы тау көшкінінен пайда болған үңгірдің өзі талай құпияны бауырына басып жатқандай. Жерден 70 метр биікке дейін созылған үңгір шапқыншылық жылдары талай отбасын жаудың қанды қылышынан аман алып қалса, қаншама балғын

жартастардағы белгілері тас, қола дәуіріндегі адамдар тіршілігінен сыр шертіп тұр. Қысқасы, беті ашылмаған тұнып тұрған тарихи белгілер. Енді осы жерлерді адамзаттың ортақ игілігіне жарату біздің мойнымызға жүктелген сияқты.

Жамбыл бабамыздан бастап бүкіл қазақ айтыскерлерінің ұлы ұстазы болған Сүйінбай Аронұлы бабамыздың мәңгілік мекен еткен жеріне барып қайту кім-кімнің де арманы. Бүгінде бабамыздың кесенесі қайта жаңартылыпты. Заманауи құрылыс өнерімен әшекейленген кесене кірген жанға рухани жылылық береді. Ал кесененің маңындағы көне бейіттік толық қоршалып, абаттандырылыпты. Қысқасы, бұл нысанда — адам аяғы үзілмейтін киелі жердің бірі. Тағы бір айта кетерлігі, Сүйінбай бабаның кесенесіне тәу етіп келгендер сол ауылдағы Сүйінбай Аронұлы атындағы өлкетану музейіне соқпай кетпейді. Онда акын бабамыздың өмірі мен өнерінен, осы

қобызды көрмеген едік. 300 жыл сақталып, бүгінге аман-есен жеткен қасиетті қобызды біз де ұстап көрдік. Әулиенің мазарына барғанда күн кешкіріп кетіп еді. Сонда да бұл жерге ағылған адамдардың қатары көп екенін көрдік. Әулиенің шөбересі Нұрым Алжанов жыл бойы емге шипа сұрап жататындардың көптігін әңгімелеп берді. Оның аузынан әулиеге қатысты елге жетпеген біраз аңызды жазып алдық.

Қаскелең қаласындағы Қарасай аудандық өлкетану музейіне де жолымыз түсті. Музей үйін 1899 жылы қазақ-орыстар діни мектеп үшін салғызған екен. Мұнда 1938 жылы ағылдық қазақ орта мектебі ашылып, 1945 жылы Абайдың 100 жылдық мерейтойына орай мектепке акын аты беріледі. Сол мектепті 1958 жылы бітірген 42 тұлғаның бірі — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Музейде ғасырлар қойнауына кеткен аудан тарихына байланысты, мемлекет басшысының жасөспірім кезінен,



өлкенің тарихынан сыр шертетін жәдігерлер жинақталған. Келесі тоқтаған нысанымыз Түктібай әулиенің зираты болды. Біраз аумақты алып жатқан зираттың төбесін осыдан бірнеше

жігіттік дәуіріне дейінгі және тұлға болып қалыптасуына байланысты әртүрлі мағыналы да құнды фотоқұжат, материалдық жәдігерлер саны бар. Біз жәдігерлерді толық аралап шығып, көнілімізге көп ой түйдік.

Мәдениеті биік елдің рухы да асқақ тұрады емес пе? Бабаларымыз ат үстінде көз іліп, ат үстінде шөл басып жүрсе де шешендері сөз өнерін, шеберлері кол өнерін еш уақытта тастамаған. Аталарымыздан қалған сол дала мәдениеті жаңа қоғаммен жарыса дамып, қала мәдениетінің, яғни қазіргі электрондық-техникалық дәуірдің де көшінен қалмай келеді. Заман басқа, заң да басқа дегенімізбен де, тарихи мұраларымызды сақтап — ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу басты парызымыз. Ауыл қазақтың алтын бесігі десек, сол бесіктен нәр алып, рухани уыздан қанып ішкен ұлттық болмысымызды сақтайтында көбінесе ауыл азаматтары. Сондай даналығы мен саналылығы мол ағамыздың бірін Талғар қаласынан таптық. Нұрқасым аға кезінде облыстық

Бәріңізге мәлім, Астана қаласында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс тобының республикалық форумы өтті. Осыған орай, Алматы облысында Жетісудың киелі жерлерінің географиясы арнайы жобасын жүзеге асыру жөніндегі облыстық сараптамалық кеңес құрамы бекітіліп, Жетісу өлкесінің 156 киелі жері тізімге еніп, облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталық тарапынан картаның жобасы жасалды. Онда әр аудандағы киелі жер, ескерткіштер бойынша бағыт көрсетіліп, тізім дайындалды. Соның ішінде 10 нысан республикалық, 100 киелі жер жобасына таңдалып, өлкенің мерейін асырды. Тіпті облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен бағыттар бойынша карта-схемамен экспедиция ұйымдастырылып, өңірді аралап, киелі жерлерінің географиясы бойынша кең көлемде жұмыс жүргізілуде. Сол қатарда облыстық мәдени мұраларды қорғау орталығының ұйымдастыруымен жергілікті өлкетанушылар, тарихшылар, облыстық комиссия мүшелерінен құралған топ Жамбыл, Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ аудандарында болып, бірқатар киелі жерді анықтап қайтты.

газетте жұмыс істеген. Тілші бола жүріп, өлкенің тау-тасын аралап, талай тарихи оқиғаны қағазға түсірген екен. Талғар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі облыстық сараптамалық комиссияның назарына ұсынған Солдат сайы мен Монах үңгірінен басқа да киелі Талғар қаласын қоршап жатқан Алатаудың басында Бескөл сияқты суы шипалы, шөбі ем, тасы байлыққа батқан, табиғаты тамаша жерлердің бар екендігін айтып, сол туралы ел арасында бүгінге дейін айтылып келе жатқан тағылымды әңгімелерді айтып берді. Келесі бір орайы келгенде, бұл жерлерді анықтап, дұрыс-бұрысын ажыратып, ел игілігіне жаратудың жобасын қарастырған жөн деп түйдік.

Алтын адамның мекені саналатын Еңбекшіқазақ ауданын қазақтың ерте дәуір тарихының кішігірім картасы деуге болады. Өйткені, мұнда ел қызығатын тарихи орындар мен жұрт ағылып жататын киелі жер жетеді. Сол жерлерден табылған жәдігерлер Есік археологиялық музейінде сақтаулы тұр. Әрине, Есікке келген қонақтар алдымен осы музейді аралап, ел мен жердің тарихынан хабардар болғаны жөн. Музейді аралап шыққан соң, Есік қаласының желкесіндегі Жасыл көлді көріп қайтсақ деген ниетімізді күп көрген Еңбекшіқазақ аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Нұргүл қарындасымыз бұл көлдің жылдың төрт маусымында төрт түрлі түске өзгертетінін әңгімелеп берді. Ол жайлы елге жетпеген аңыз да бар. Сондықтан олар бұл көлді киелі жерлер



артындағы көзі — Дәулетке де ыстық. Бұл — ұзын мойынды, шағын әрі сопақ шанақты оюланған домбыра. Оның шанағындағы «Дәулет Дөркембайұлы 1979 жыл» және «Ұста Дөркембай Шоқпарұлы шапырашты» (арабша) деген жазулар бар. Қозықұйрық домбыра деп аталатын аспап өзінің сыртқы сүйкімділігімен де баурайды екен. Бұл бала шағынан өзі өнерге баулыған баласы Дәулетке арнап жасалған домбыра екен. Өзге ұлттың музыкалық аспаптары да осы жерден орын тепкен. Осы орайда Алматыдағы Ықылас атындағы халық музыка аспаптары мұражайындағы жәдігерлердің біраз бөлігі шебердің қолынан шыққанын айта кеткен жөн. Тіпті олардың біразы бүгінде қолданыста жоқ, бірақ ғылыми-зерттеуге сүйене жасалған туындылар екен. Сондай-ақ ҚазПУ-да орналасқан «Ақтұмар» мұражайының да көп жәдігерлері шебердің бұйымдарынан жинақталған.

Бұдан кейінгі залда саят пен серуенді ұнататын қазақ үшін қажетті қару-жарақ, түрлі ат әбзелдері, сондай-ақ ұстанын құрал-саймандары орналасқан. Бұл жерден қақпанның да сан түрін кезіктіруге болады. Қақпанмен қатар күрзі



тізіміне енгізуді жөн көріпті. Ал Түрген шатқалындағы қасиетті бұлақ туралы көп естісек те, осы жолы көруге мүмкіндік болды. Тау қойнауынан сылдырап ағып шыққан бұлақтың маңына жергілікті халық түрлі аң-құстың мүсінін орнатып, тал егіп, ырымдап шүберек байлайды. Оның жанында келушілерге тас дәуіріндегі адамдардың тұрмыс-тіршілігінен сыр шертетін Алтын адамның алып мүсіні мен тастан қаланған жер және киіз үйлер, оның жанынан жасалған сахна елді қызықтырып, ауқымды шара өткізуге қолайлы-ақ.

Айтпақшы, бұл ауданда қасиетті бабалардың ескерткіштері мен кесенесі көп. Ал аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі соның ішіндегі Қараша хан және Дәулетбай батырға арнап тұрғызылған кесенелер мен ұста Дөркембай Шоқпарұлы атындағы музейді енгізіп отыр. Музейдің алғашқы және екінші көрме залы шебердің шынашақтай шағынан бастап, ағаштан ою ойып, темірден түйін түйген кезіне дейінгі өмір тарихынан сыр шертетін жәдігерлермен жасалған. Ұста-зергердің фотосуреттері, отбасы, ұстаған бұйымдары, өлен-жырлары, алғаш қолынан шыққан туындылары сақталған. Одан әрі «Жігітке жеті өнерде аз» деп аталатын бөлімде Дөркембай Шоқпарұлының түрлі көрмелерде алған марапаты мен медальдары, шебер жайында жазылған мақала мен зерттеу материалдары, сондай-ақ қазақ халқының

тасты, ағаш пен темір шәңгектерді, қазықты да байқай аласыз. Құсбегі мен оның қыранына қажетті заттарды — «Саятшының саймандары» деген жерде тұғыр, балақбау, саптымақ, томаға, балдақтан көресіз. Олармен таныса жүріп, түрлі этноатауларға да қанық боласыз.

Мұражайға кіргеннен біздің назарымызды ерекше аударған бір жәдігер болды. Ол — ағаштан ойылған Қарасай батырдың мүсіні. Бұла күші бойында бұлқынып, айбатты жүзімен тесіле қарап, садақ тартып тұрған батыр бейнесі өте сәтті шыққан. Өнер іесі ұлының айтуынша,

шеберлер мейлінше табиғаттың өзі ойған, ұқсатып жаратқан заттарды өзінің объектісіне айналдырады. Мәселен, мына ағаштан батырдың бейнесін көру, кейін оны жонып шығу кез келгеннің қолынан келмесі анық. Тағы бір залда шебер жасаған үй жиһаздары аса бір үйлесіммен орналасқан. Қошқар басты орындық, асадал, түрлі ағаш төсектер де осы жерде. Бұдан бөлек, мұражайдың қос бірдей қор болмасы бар. Мұнда сандықтың түр-түрі, самауырның небір ғажайыптары да әзірге осы жақты мекендепті. Жалпы алғанда, Дөркембай Шоқпарұлы атындағы мұражай жәдігерлерінің біразы тарихи, мәдени туындылар, бір бөлігі шебердің өз қолынан шыққан дүниелер болса,

енді бірқатары оның шәкірттері жасаған, кейін ұстазына сыйға тартқан бұйымдар. Шәкірттері демекші, шебер елін тек өз өнерімен ғана емес, шәкірт тәрбиелей білуімен де тәтті еткен. Бүгінде есімдері ел аузына ілігіп, біраз танымал шеберлер Дөркембайдың алдын көріп, тәлімін алғандар. Дәулетбай батыр мен Қараша ханға қойылған кесене жайы да экспедиция мүшелері екінің бірінің қолына түсе бермейтін тарихи шындық пен аңыз-әңгімені жазып қайтты.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



Тағдыр талайы

ЖАЙЫҚТЫҢ
ЖАҒАСЫНДАҒЫ ЖАНТАЛАС

Ақ жайықтың асау толқындары бүгін долданып жатыр. Ақ көбік атып, жағаны жайпап жіберердей үйіріп соғады. Әдетте, өзен табаны ғана шымырлап ағатын қара су бүгін еш қисынсыз аударылып-төңкерілуде. Жайылманың жағасында 16 жастағы Айым ағысқа карап, меніреу кішіше мелшііп қатып қалған. Көз алды тұманданып, бір шешімге келген



ҚЫЗҒАЛДАҚ ЕРТЕ СОЛМАЙДЫ

жандай сұрланып, тістеніп алыпты. Доғы толқындар періште қызды ағысқа сүйреп, карт Каспийдің тұңғығына тартып әкетуге асығып жатқандай. Қыз да соған бейіл сияқты. Нәзік денесін жел Жайыққа қарай тартса, бұл да соған ыңғай беріп тұр. Ақ жайық айдаһарша аранын ашады, Айым тілсіз мақұлыққа жұтылудың аз-ақ алдында тұр. Өмір мен өлім арасындағы осы бір көрініс көрер көзге тым сүркейлі, қорқынышты еді.

16 жасқа толып, құлын мүшесі көз тарта бастаған Айымды әкесі Бақытбек сырт көзден қызғанып әлек. Өзі діндар адам үшін қызының бойжете бастағаны азаппен бірдей болды. Оның үстіне Бақытбекке ұстаз болып, дін жолына тартқан азаматтардың түсінігі мүлде бөлек-ті. Олар «Намаз оқымасан да болады. Бірақ Алла жолына қызмет етуің керек. Ол үшін жиһад жаса. Қызынды жыныстық жиһадқа бер. Мұсылмандар 16 жасқа толған қыздың некесін киіп, күйеуге беруге асығу керек. Сенің қызың 16 жасқа толыпты. Ойлан!..» — деген.

Бұл әлгі «дінбауыр» атап жүрген жігіттердің сөзін ұмыта алмай, Айымның күн сайын қызғалдақтай құлпырып өсіп келе жатқанына карап, ойы онға, санасы санға бөлінетінді шығарды.

Бір күні Бақытбек өз ойын әйеліне айтып көріп еді. Ол шоршып түсті. Арада тағы бірнеше ай өтті. Бақытбек «дінбауырларымен» жиі кездесіп, үнемі әңгімелерін тыңдайтын. Олардың сөзі құлағына балдай татып, судай сіңіп жатты. Сондағы мұның ең жақсы ұққаны — әлемде бір-бірімен жау екі түрлі ғана дұшпан бар екен. Олар — мұсылмандар мен кәпірлер. Мұсылман жігіттері үшін орындалатын шарт — жиһад жасау. Әйелдер үшін — жыныстық жиһад немесе 16 жасқа толған қызды мұсылманға екінші немесе үшінші әйелдікке беру. Ол осы ойға әбден бекінді.

Айым мектепке баруға дайындалып, айна алдында бойын түзеп жатқан. Бақытбек қызының үстіндегі мектеп формасына бір көз тастады да «Айым, енді сен мына киімді кимейсің. Мектепке де бармайсың. Оқымайсың» — деп шорт кесті. Ертеңі шай қамымен жүрген әйелі Сәуле мұны естіп селк ете қалды. «Әкесі-оу, не айтып тұрсың? Оқымағаны несі? Қызың биыл мектеп бітіреді ғой. «Алматыдағы журналистика факультетіне береміз. Қызымыз журналист болады» — деген уәлеміз қайда қалады?» — деп күйеуінің сөзіне араласа бастады. Айым аң-тан. «Әке, сіз не айтып тұрсыз?» — деп кезіп жасаурап, қакқан қазықты сөзіле тұрып қалды...

Сол күні ол бір сыныпта бірге оқитын құрбысы Жансаяға айтты бар сырын. Жансаяның да әкешесі намазхан кісілер еді, ол мұндай әңгіменің өз отбасында да жиі айтылатынын жеткізді...

Бақытбек отбасына жайлы азамат еді. Бала-шағасын еркелетіп, әйелі Сәулеге дауыс көтеріп те сөйлемейтін. Сол күнгі таңғы шайдан кейін бұлардың арасындағы сыйластық жіңішке жіптей үзіле бастады. Қыз әке сөзін тұңғыш рет тыңдамады. Әйелі бірінші рет күйеуіне қарсы шықты.

Арада тағы бірнеше күн өтті. Бақытбектің үйіне «дінбауырлары» жиналып, әңгіме-дүкен құрып отырған. «Мұсылман әлеміндегі соғыс, кәпірлер басқарған елдердің тағдыры» — деген сөздер борандай гулейді.

Сол күні олардың ішіндегі әйелі жыныстық жиһадқа кеткен Бауыржан деген қырықты қырқалап қалған жігіт ағасының көзі еліктің лағындай Айымға түседі. Сөз арасында «Бөке, қызыңыз бойжетіпті. Мұсылман заңын білесіз. Менің әйелім жоқ... Сөзімнің төркінін түсініп отырған шығарсыз?» — деп бір тоқтады. Оны басқа «дінбауырлары» қолдап жатыр. Сәуледе үн жоқ. Айым кіріп-шығып, қонақтарға қызмет көрсетіп жүр. Ол бұлардың бөтен ойынан бейхабар.

Сол кештен кейін Бақытбек түсін жылытпай қойды. Ерtesi кешке әйелі мен қызын онаша шақырып, бар ойын жайып салды. Айымды кешегі қырма сакалды

кім кепіл?! Бұл соны ойлап, түн ұйқысы төртке бөлінеді. Өз тағдырын өзі жазбаса, Айымның аяғын құшатынын анық сезді. Содан әлеуметтік желі арқылы жас жігіттермен танысып, әке-шешесінен бұрын қамданып қалуға бекінген. Өзі сүйген жігітке күйеуге шығамын десе, ешкім қарсы келмес.

Жансая «көктен іздегенін жерден тапты». Әлеуметтік желі арқылы өзінен 9 жас үлкен, кескін-келбеті келісті жігітпен танысалды. Айдос та намазхан болып шықты. Сөйтіп, жастардың «онлайн махаббаты» ғарыштық жылдамдықпен дамиды. Бірінші күні танысты. Екінші күні кездесті. Үшіншісі күні Айдос бұған өлердей ғашық болғанын, онымен некесін қиғысы келетінін айтты. «Іздегенге сұраған» — деген міне, осы! Жансая да қарсы еместігін сездірді. Сөйтіп, арада небары он шақты күн өткенде, бұлар үйленетін болып шешім қабылдады. Жансаяның 16-ға енді ғана толғанын, көмелетке жетпей заң бойынша күйеуге шығуға болмайтынын ескерткен күйеу жігіт бұл некені ешкімнің білмегенін қалады. Сөйтіп, бір күні ол «дінбауырларын» шақырып, екі жас Атыраудағы бір қонақүйде онаша неке қияды. Жастардың «ұрлық некесі» ерtesi тағы да сол қонақүйде жалғасты.

Қыз үйінен сабаққа кетемін деп шығып жүрген. 4-күні оны мұғалімдері іздеп, қыздың ата-анасына қонырау шалады.

Оқиға осы тұсқа келгенде қырсыққа шалынды. Қыздың әке-шешесі Жансаядан болған мән-жайды сұрап біледі.

бөрің жайып салды. Айдоспен болған некенін себебін түсіндірді. «Сіздер мені өз еркімнен тыс бір шалға бере сала ма деп қорықтым. Айымның басына түскен тағдыр қамыты менің де мойныма ажырғы сала ма деп ойладым» — дейді. «Содан өзіммен қатар жігіт тауып, сіздердің алларыңыздан өтіп, некемді қиғым келді» — дейді. Мұны естіген Жансаяның әке-шешесі үнсіз күйінді. Қызғалдақтай қызының тағдырына өздері себепші болғанын білген ата-ана амалсыздан күйеу жігітпен кездеспекші болады.

Айдосты шақыртты. Ол телефонмен сөйлескенде, қайыңжұртымен танысуға асығып отырғанын айтып, қызды

әбден сендірді. Алматыдан әке-шешесін алып келетінін, қызды ұзатып алатынын айтты. Жансаяның ата-анасы жаңа күйеу жігітті, бейтаныс құдаларды күту үшін кәдімгідей дайындыққа кірісіп кеткен.

Арада 4-5 күн өтеді. Уәделі күн де жетті. Құдалар күйеу жігітті күтіп отыр. Үйге алыс-жақыннан туыс-туғанның бәрі келген. Жансая таннан бері ұялы телефонын қолынан тастамады. Кайта-кайта қонырау шалады. Айдостын кеше ғана

қосылып тұрған байланысы өшіп жатыр. Бұған не болды? Бір жамандыққа ұрынып қалмаса болғаны дейді бала көңілі. Сол күні қыздың туыс-туғандары бейтаныс құдаларды кешке дейін күтіп, ренжіп қайтты.

Ерtesi күні мұның алаяқтық әрекет екенін іштей сезген қыздың жақындары құзырлы орына арыз жазды. Бірақ ол кезде Айдостын қарасы Атыраудан ғайып болған еді. Тек тұн жарымында бейтаныс нөмірден «Сен талақсың. Сен талақсың. Сен талақсың» — деген хат алды.

Жауқазындай жайпап тұрған Жансая бір күнде гүлдей солды. Әке-шешесі де бармағын шайнап отыр. Қыздарының тағдырына өздері кінәлі. Оны екеуі де біледі. Бірақ тіс жарып айта алмайды.

P.S.

Атырауда болған осы екі оқиғаға қатысты қазір қылмыстық іс қозғалған. Бірақ одан не қайыр? Айдай толықсыған Айымның (Кейіпкерлердің аты-жөні өзгертілген — ред) тағдыры анау: шалға қосақталды. Ал жауқазындай жайнаған Жансая өз өміріне өзі балта шапты. Әке-шешесінің үкімінен қорқамын деп, бір алаяқтың аранына түсті. Айтпақшы, Айыммен некесін қиған қырықты қырқалаған жігіт ағасы да, Жансаяның жанына жара салған жас жігіт те салафизм ағымын ұстанатындар болып шықты.

Жарас ШӨКЕ,
Баян ЖАНҰЗАКОВА

МАЗАСЫЗ МҮЙІС

www.jasqazaq.kz
[E-mail: jas_qazaq@mail.ru](mailto:jas_qazaq@mail.ru)


Ащы сабақ

Сағат таңғы алтының шамасы. Бірінен соң бірі жалғасқан жарылыстар. Оған қосылған автоматтан жауған оқ жергілікті халықты шошындырып жіберді. Көп ұзамай электр тоғы өшті. Айналаны азан-қазан қылған у-шу арада тура 4 сағат, 15 минут өткенде ғана басылды. «Арнайы операция аяқталды, төрт лаңкестің көзі жойылды» — деп шулап жатты журналистер. Бұл 2012 жылдың 20 қыркүйегі күні Атырау қаласының «Көктем» саяжай ауданында орын алған қанды оқиға болатын. Бас прокуратура таратқан мәліметте әлгі төрттіктің сол жылы қалалық ішкі істер департаментінің ғымаратына жасалған шабуылға тікелей қатысы бары айтылды. Қоғамды дүрліктірген лаңкестердің оқигасын жергілікті халық ұмыта қойған жоқ...

«Барлығы осыдан жеті жыл бұрын басталған еді. Өзім еркелеу өскен Атыраудың қызымын. Әке-шешем жаман тәрбие берді дей алмаймын. Қазір жасым 36-да. Ойланып отырсам, осынау жасыма дейін көп нәрседен қателескен екенмін. Мен дінге ақ жүрегіммен келдім. Әсіресе, республикалық арналардан рухани тақырыпта керемет бағдарламалар көрсетіліп жатқан уақытта, кәдімгідей жаным рахаттанатын. Сөйтіп жүргенімде мешітке барып, намаз оқып үйрену туралы шешім қабылдадым. Ойым іске асты. Намазды Әбу Ханифа мәзһабы бойынша оқып үйрендім. Жамағатпен бірге оқыған намаз өзіме ұнай бастады. Сөйтіп жүргенде мешітке болашақ жолдасыммен таныстым. Арадағы таныстығымыз некеге ұласты. Сөйтіп, отбасын құрғаннан кейін күйеуімнің қалауымен намазды үйде оқып жүрдім. Бұл 2010 жыл еді.

Атырауда «Шапағат» деп аталатын, діни кеңес беру орталығы бар. «Жас қаззақ» газетінің тапсырмасымен біз бір күнгі журналистік зерттеуімізді сол орталық қызметіне арнадық. Бізге кездескен алғашқы кейіпкер — 2012 жылы Атырауда жүргізілген арнайы операция кезінде оққа ұшқан радикалдық идеологияны таратушы лидерлердің бірінің жұбайы болып шықты. Осыдан 7 жыл бұрын болған қанды оқиғаны еске түсірудің айыбы жоқ шығар?..

жоқ. Кейін күйеуімнің Атырау қаласының «Көктем» саяжай ауданында орын алған қанды оқиға кезінде мерт болғанын естідім.

Әрине, арқа сүйейтін жақын адамымның қазасы маған оңай болған жоқ. Өмірден бас кешіп, қатты күйзеліп жүрдім. Оның үстіне жолдасымның бірінші некесінен екі баласы, екеуіміздің арамызда үлпершектей ғана қызымыз бар еді. Әсіресе, құқық қорғау органдарына ызалы едім. Осылай қиын кезеңді бастан өткеріп жүргенімде, «адамның денсаулығына қасқана зиян келтіру» деген айыппен 7 жылға бас бостандығымнан айырылып кете бардым. Қазір ойлап отырсам, жастықпен көп мәселенің байыбына бара қоймаған екенмін.

Күйеуімнің әсіресе, он жасар ұлының сұғанақтығы болды. Бетінен қақпай өсіргендіктен тентектігі басым еді. Намаз оқитын әпкелеріміздің үйіне барған уақытта сол ұл олардың ақшасын ұрлап кететін жағдайға да жетті. Осындай ірілі-ұсақты ұрлықты әмбебап маркеттерге кіргенде де жасап жүрді. Кейде таяқпен тәртіпке шақырмақ та болдым. Осы жағдайларды өгей қызым жанына ауыр қабылдады, әрі өзі кішкене болғандықтан, ағасына жаны ашитын болуы керек, оның тентектігін жасыру үшін өтірік айтатынды шығарып жүрді. Осы жағдайларды қайың жұртым дұрыс қабылдамады. Оларға мен тура бір тажалдай көрініп жүрдім. Оның үстіне, жолдасымның қазасы қосылып, жағдай тіптен ушықты. Көп ұзамай қайың жұртым біз тұрып



ӨТКЕН КҮННІҢ ӨКІНІШІ

Тұрмыстағы әйелдің жағдайы белгілі. Үй шаруасы, одан қалды бала тәрбиесі бар. Осылайша, жана өмірге бейімделемін деп жүргенімде мешітке баруды доғардым. Намаз оқыған уақытта құлшылықты күйеуіме ұйып атқаратын болдым. Қазақта «еркек түздің адамы» деген сөз бар ғой. Сол рас екен. Ақтаудағы компаниялардың бірінде вахталық әдіспен жұмыс істеген жолдасымның негізгі уақыты тыста өтетін болды. Ерімнің Әбу Ханифа мәзһабын ұстанбайтынын білетінмін. Уақыт өте келе оның айтқандарының барлығын ақиқат есебінде қабылдап жүрдім. Мәселен, дінге келген алғашқы кезеңде қазақтың салт-дәстүрлері туралы пікірім дұрыс болатын. Әрі бұрын намаз оқығанына, оқымағанына қарамастан, айналамдағылармен өселемін де түзу еді. Кейін күйеуімнің айтуымен отбасымызда түрлі тыйымдар пайда бола бастады. Қазір ойлап отырсам, сол кезде діни сауатымды ашып, толықтыру туралы ешқандай ниет те, ой да болмаған екен. Сірә, үй шаруасынан қолым босамағанын сылтау еткен де болармын. Ал, күйеуім болса керісінше, кітапты көп оқыды. Сол себептен де болар, әйтеуір өзім негізінен жолдасымның дегенін жасап жүрдім. Арасында үйге ахилар, яғни бауырлар да жиі жиналып тұрды. Бірақ ер адамдардың ортасы бөлек болғандықтан, олардың әңгімесіне біздер араласпайтынбыз. Әйелдер жағы бас қосқанда өзіміздің тұрмыстық жағдайларымыз туралы сөйлесетінбіз. Кейде Мысырда оқып келгендер, шейхтардан уағыз тыңдаған қыздар білгендерімен бөлісетін. Осылай әп-әсем отбасы болып жүргенімізде, 2012 жылдың қыркүйегінде барлығы өзгеріп сала берді. «Жұмысқа барамын» деп үйден аттанған күйеуім сол кеткеннен қайта оралған

жатқан үйдін құжаттарын қайтарып беруімді талап етті. Осындай шым-шытырық жағдайлар менің 7 жылға бас бостандығымнан айырылуыма дейін алып келді. Түрмеде 4,5 жыл отырдым. Жақсы тәртібім үшін бүгінде ертерек бостандыққа шыққан жайым бар. Қазір өкінемін. Әсіресе, бала тәрбиесінде уақыт өткізіп алғаным, өзімді сондай кінәлаймын. Десе де, әр нәрсенің бір қайыры бар. Біз отырған түрмеге деструктивті діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсететін «Шапағат» орталығының теологтары жиі келіп тұрады. Сондай білімді кісілермен сауатты сұхбат құру арқылы, өзімнің көп мәселеде қателескенімді түсіндім. Теологтар Құранның, хадистерден мысалдар келтіреді. Бастысы, бізге ұстаздар салыстыру мүмкіндігін сыйлады. Осылайша, мен кеш те болса, өзімнің қателескенімді түсініп, дәстүрлі мәзһабқа оралып отырмын. Қазір шүкір, некеден қалған қызым бар. Енді сол қызымның амандығы, болашағы үшін өмір сүретін боламын. Басты түсінгенім, дінде зорлық болмауы керек екен. Бұрын «кәпір» деген сөзді онды-солды қолдана беретінмін. Яғни менде мінез жұмсақтығы болған жоқ. Сөйтсек, бұл сөздің де өзінің орны, түптеп келгенде, мағынасы болады екен. Қазір қолыма тереннен талданған кітаптарды алып оқып жүрмін. Әсіресе, Матруиди ақидасы туралы жазылған зерттеу еңбектер көп сұрақтардың түйінін тарқатып береді. Ендігі жоспарым — көсіп ашу. Түрмеде жүргенде бізді тігімнен айналысуға бауылды. Енді, осы білгенімді берекелі, қайырлы мақсатта жүзеге асырғым келеді» — деді бізбен әңгімесінде кейіпкеріміз.

Белгілі себептермен есімін атамауды өтінген




кейіпкеріміз Атыраудағы Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты 157/11 әйелдер түзету мекемесінде жазасын өтеп шыққан. Ол қарақөз қазақ қыздарын діни сауатты мешіттен алуға, медреселерде білім алып, рухани кітаптарды көбірек оқуға кеңес беріп отыр. Бастан өткен оқиғасын жұмсақ қана жымынып отырып, баяндап берген кейіпкеріміздің алдағы өміріне сәттілік тілеп, біз де «Шапағат» орталығынан алыстай бердік... Аласқан тағдырлардың үйірін қайта тауып жатқаны қуантады...

Баян ӘЛИ,
Атырау облысы

Серпін

Осы орайда жастарға арналған үлкен лофт орталық ашылды. Лофт — жастардың бос уақытын тиімді өткізуге арналған орын. Барлық жастар құрылымдарын тиімді үйлестіре білген ортақ кеңістік, ортақ алаң. Осыдан бір айлан астам уақыт бұрын орталықтың салтанатты ашылуы болып өтті.

Биыл жастарды қолдауға, дамытуға бағытталған «Алматы қаласының жастарын қолдау жол картасы — 2020» бағдарламасы қабылданды. Осы орайда ең басты үш бағыт жоспар басына қойылған. Соның бірі — Алматы қаласының жастарына арналған біріктіруші орталықтың қажеттігі. Қалаға өзге ауыл-аймақтан 30 мыңнан астам жас жеткіншек келеді. Ал бұл жоғары оқу орындарда оқып жатқан студенттердің 75 пайызын құрайды. Бірақ солардың кейбірі бос уақытында немен айналысатынын білмейтіні анық. Алайда мәдени, рухани демалысты, спортты жанына серік етемін деген алматылық жастар үшін қалада мол мүмкіндік, барлық жағдай жасалған. Дегенмен барлығы жеке-жеке шоғырланғанын да жақсы білеміз. Ал бұл орталық сол ұйымдарды біріктіріп, үлкен аумақты қамту арқылы өз жұмысын бастады. Бұрынғы трамвай паркінің орнына DEPO Evolution Park кешені ашылды. Естеріңізде болса, Алматы трамвай депосы 2016 жылдың 31 қазанында жұмысын тоқтатқан болатын. Оған бірнеше рет орын алған трамвай жол-көлік оқиғалары себеп болды. Оңтүстік астананың әкімі Бауыржан Байбек осы жағдайлардан соң депоны тексеруден өткізуді талап етіп, жұмысынан бірқатар кемшілік табылғанын айтқан. Осылайша, трамвайлар қаладағы қоғамдық көлік қатарынан шығарылды. Қазіргі уақытта трамвай вагондарының мәселесі қаралып жатыр. Оны сатып алғысы келетін адамдар жоқ болғандықтан, утилизацияға беру қарастырылған. Көшелердегі трамвай рельстері алынып, сатылымға шығарылды. Қала әкімі бос қалған орталықты қала тұрғындарына пайдалы аймаққа айналдыру туралы конкурс өткізуге тапсырма берген. Осыған орай, «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ 2016 жылдың тамыз



ЖАСТАРҒА

арналған кездесу ұйымдастырылады. Бұған қоса, қалада өткізіліп жатқан іс-шараға жіберілетін еріктілер осында тұрақтаған. Кейіннен іріктеп жан-жаққа жіберіледі. Үшінші қабат суретшілер мен жас зергерлерге арналған. Олар қаланы көріктендірумен айналысады. Бұл барлық жас суретшілердің басын біріктіретін ұйым сияқты. Бір-екеуі ғана емес, түрлі идеяны бірігіп ақылдасады. Жүзеге асырады. Мысалы, саябақты қалай өзгертеміз, қалай көріктендіреміз? — деп бас қатырады екен. Ал 4-қабатта жатақханалық кураторлықтың орталық бөлімшесі. Онда қаладағы барлық жатақхананың жетекшілігі, жауапты мекемелері топтасқан. Негізінен


Елбасы «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» — деп Қазақстан халқына арнаған «2050 стратегиялық» Жолдауында айтқан еді. Жалпы мемлекет басшысы әрдайым өз сөзінде өскелең ұрпақтың рухын есіруге шақырады. Жыл сайынғы Жолдауының басым бағыты да жастарға арналады. Жастар да өз кезегінде өзіне жүктелген жауапкершіліктің мол екенін сезінеді. Әсіресе, еліміздің алып шаһары Алматы қаласында жақсылыққа, жаңалыққа ұмытылған жастар көп. Оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсету үшін жергілікті билік тарапынан түрлі бағдарлама қабылданып, орталық ашылуда. Мәселен, биыл «Жастар жылы» деп жариялаған болатын.

Жастар орталығы болғандықтан, мұнда 35 жасқа дейінгі барлық қала тұрғындары табан тірей алады.

Үш бағыттың бірі — осы жастар орталығы болса, қалған екеуі баспанамен және жұмыспен қамту. Жуырда ғана Алматыда 35 жасқа дейінгі алматылықтарға баспаналы болу үшін жеңілдетілген несиелер алуға мүмкіндік беретін «Алматы жастары» атты жана тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарламаның



ресурстық орталығының директоры Алма Аутанбаева «Алматы қаласының жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры 15 жылдан бері жастардың ресурстық орталығының қызметін атқарып келеді. Ал бүгін біз жұмыстардың аясын кеңейтіп отырмыз. Ресурстық орталықта жастарға жұмысқа орналасу және басқа да мәселелер бойынша консультация беріледі. Бұған қоса, өзінің білім көкжиегін кеңейтіп, жеке тұлға ретінде қалыптасуына бірден-бір ықпал етуші орын деп ауыз толтырып айта аламыз. Екіншіден, жастардың шығармашылығын шыңдау мақсатында жұмыс жүргіземіз. Ол мейлі жеке ұжым, жас әншілер болсын. Осыған орай көптеген орталық аштық. Олар: Әдебиет әлемі орталығы, жас жазушылар орталығы және жақында ғана «Алматы music» театры өз жұмысын бастады» — дейді. Мұнда жастар өзі



басты ерекшелігі — пайыздық төлемнің төмендігінде, яғни жобаға қатысушыларға жылдық мөлшерлемесі 5% болатын 10 млн теңгеге дейінгі несиелер беріледі. Бағдарлама бойынша несиені қайтару мерзімі 3 жылдан 25 жылға дейінгі аралықта төлем қабілетіне қарай жеке жасалады.

Ал үшінші бағыт жастарымызды жаппай жұмысқа орналастыру.

«Алматы қаласының жастарын қолдау жол картасы — 2020» бағдарламасының аясында жастар практикасының квотасын арттыру жоспарланған. Соған байланысты 6 мыңнан астам адам кәсіби дайындықтан өтеді. Студенттік жатақханалар салынып жатыр. Мамыр айында Әуезов ауданында жастарға тегін білім беретін «Бағдаршам» орталығы ашылды. Алатау ауданындағы Атлеттер ауылында Жастармен жұмыс орталығы өз жұмысын бастады.

Әрине, мұның барлығы жастарымызға тиісінше пайдасын тигізіп келеді. Бүгінде жастар жалынды, алғыр болса, барлық мүмкіндік жасалған. Бәсекеге төтеп бере алсаңыз, мына қоғамда қалағаныңызға қол жеткізе аласыз.

Алматы қаласының өзінде жастарға арналған көптеген ұйым бар. Олар белгілі бір жиын өткізу үшін қонақүй, түрлі мекемені жалға алып келген. Бұл лофт-орталықта жастардың 25 үлгіеттік емес ұйымдары түрлі іс-шараларды ұйымдастырады. Ал енді барлығы осында келіп өткізе алады. Олардың тұрақты жұмыстарына 3 мыңнан астам адам тартылады деп жоспарланған. Орталық тәулік бойы қызмет етеді.



айында байқау ұйымдастырды. Оған 23 жоба ұсынылыпты. Қатысушылардың қатарында Ресей, АҚШ, Италия елдерінің азаматтары да кірді. Нәтижесінде, үздік деп танылған көп кешенді DEPO Evolution Park тандалып алынған.

Бұл лофт-орталығының бірінші кезегі 5 қабатты ғимараттан тұрады. Онда коворкинг-орталық, еріктілер қозғалысы орталығы, Creative Zone жас суретшілер орталығы және галереясы, жастардың ресурс орталығы, жатақханаларға кураторлықтың орталық бөлімшесі және ауылдық жастармен жұмыс орталығы, workout-center, жастарға қызмет көрсету аймағы, 5 шеберхана, English club және мемлекеттік тілді оқыту орталығы, 10 білім секциялары және басқалары қызмет көрсетеді.


Бірінші қабаттағы коворкинг орталығында тренинг семинар, жас бизнесмендермен кездесу өтеді. DEPO Evolution Park директоры Елнұр Бейсенбайда орталықтағы жұмыстың жүйелі жүріп жатқандығын айтып, біршама іс-шараны атап өтті. «Жуырда ғана Астана қаласындағы Sheberbuild құрылыс компаниясының бас директоры Олжас Сүлейменов келіп, жастармен кездесіп өте марлымды, қиялына қанат бітірер өңгімесін айтып кетті. Жас болса да, бас болып жүрген қарақөздердің соңынан өргендерге айтары да, көрсетері де кемел болашақ үшін пайдасы мол. Мұны тыңдап қана қоймай, кез келген жастарымыз тәлім-тәрбие алып, нәтиже шығара алуы тиіс» — дейді. Сондай-ақ өзін-өзі дамытуға, жас отбасыларға арналған семинар-тренингте күнде өткізіліп тұрады екен. Екінші қабатта түрлі жастарға



ЖАЙЛЫ ОРТАЛЫҚ

орталық әр қабатқа бөлінгенімен, барлық жастарға ортақ орталық болмақшы. Кез келген азаматқа ойдағы идеясын жүзеге асыруға қолдау білдіріп, жан-жақты көмек қолын соза алады.

Орталықта қысқа мерзім ішінде 45-ке жуық іс-шара өткізілген. Соның аясында 20 мыңнан астам жас қамтылыпты. Мұнда күнделікті кездесу, дөңгелек үстелден бөлек, сенбіліктер де өтеді. Лофт-орталық ашылғаннан соң қала басшылығы Art Energy Almaty — Work in progress фестиваліне қатысқан. Ол — қаладағы қауымдастықтар мен ішкі қалалық коммуникациялардың билікпен, бизнеспен, бастамашыл қауымдастықпен, қоғам қайраткерлерімен сұхбаттасу фестивалі болып табылады. Фестиваль барысында экология, салауатты өмір салты, жан-жануарларды қорғау, қайырымдылық, транспорт, архитектура, қала кеңістігі, бизнес пен әлеуметтік кәсіпкерлік, технология жөнінде түрлі жобалар ұсынылды. Олар «Қалалық диалог» атты пікірталаста талқыланды. Мұнда келген жас келушіден «қандай идеяларыңыз бар?» — деген сұрақтан бастау алады. Орталықтың жыл соңында сыртқы аумағын қоршап, құрылыс жұмысы басталмақ. Құрылыс бір жарым жыл көлемінде жүргізіледі. Сонымен қатар скейт алаңы, баскетбол, арт-алаң, театр орталығын салу жоспарда тұр.



«Еріктілер лигасы» КК үйлестіруші Мағжан Мырзағали «Жастарға арналған лофт орталығының ашылуы жағымды жаңалықтың бірі» — дейді. Ол «Алматы қаласының жастары жиналып, өздерінің идеясын, жобасын іске асыратын орталық. Орталықтың ашылғанына өте қуаныштымын! Себебі көптеген оқу орындарының белсенді жастармен танысып, ой бөлісіп, бір-бірімізге қолдау көрсетеміз. Ал итаны келер болсам, өте жоғары деңгейде, заманауи түрде жасалған. Мұнда келген жұмыс істеуге құлшынысын одан ары арта түседі» — деп сөзін аяқтады.

Сонымен қатар орталық ішінде орналасқан жастар ресурстық орталығы бірнеше бөлімнен құралады. Солардың бірі — жастар ұйымдарын қолдау бөлімі. Жастар осында келіп, өзі құрған немесе құратын ұйым, қолға алған жобасы және басқа да мәселе бойынша ақыл-кеңес ала алады. Сондай-ақ қоғамдық қабылдау бөліміне келген жастарға отбасында, оқуда, жұмыста немесе жұмыс іздеу бойынша орын алған мәселе жайында ақыл-кеңес беріледі. Жастар арасында семинар мен тренинг өткізу үшін жастардың ресурстық орталығына кәсіби психолог, заңгер, кәсіпкерлер шақырылады. Сонымен қатар мұнда орталық қызметін насихаттау, даму, білім және бос уақытты тиімді өткізу бөлімдері құрылған. Оларда жұмысқа орналасу, түйіндемелі жазып үйрену бойынша өңгімелесуден сәтті өту жолына қатысты да ақыл-кеңес жүргізіледі. Алматы қаласы Жастар

жастарымыздың талпынысын арттырып, жұмысының нәтижесін көрсетті деуге толық негіз бар. Жыр мүшәйраға бұрыннан танымал ақындар емес, енді ғана поэзияға қадам басқан, көріне алмай жүрген жастардың қатысуына баса назар аударылған. Осылайша, «Жастық — жалын жыр» деген атаумен жинақ кітап басылып шығыпты. Бұған қоса, «Алматы music» театрының орталығына жас актерлері де келді. Өз қойылымын ұсынған. Тастанды балаларға арналған «Жазығым не менің, мама?» деп аталады. Бірақ олардың дайындық жүргізетін орындарының жоқ екенін естіген жастар орталығы мұны ұйымдастырып берген. Қазіргі өзекті мәселені қозғаған жастардың қойылымы көптеген көрерменнің көзіне еріксіз жас ұялатты. Өзі аты айтып тұрғандай, жастар орталығы болғандықтан, олардың барлық қалауын орындауға тырысатын орталық бүгінде біраз жобаны қолға алған.

Шынында жастарға жасалған жағдай мен мүмкіндікті мұлт жібермеу тек өзімізге байланысты екені анық. Осы орайда Елбасының жастарға қарата айтқан «Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман» немесе «Заманауи әлемде елдің қуаты — ең алдымен, азаматтарының білімімен өлшенеді» — деген өңегелі сөзі еске түсе береді.

Салтанат ШЫРЫНХАН,
Алматы қаласы

Ғасырлар қойнауынан

Әлімсақтан Үндістан ғажаыптар елі саналып келді. Ит мұрың өтпейтін ну жыныс ормандары, пілдер патшалығы мен қилы-қилы құстар әлемі кімді болса да тартып тұратын еді. Шетелден келіп, оны ұзақ уақыт билеген моғол әулетінің өкілдері біраз болғанымен, дөп Әкбардай шын жан-төнімен беріліп, азаматтық танытып, байқұт заман орнатуға тырысып, ашы тер төгіп, ересен өңбек сіңіргендер де Арыстан жүректі асқан айбатты ол бүкіл Үндістан дүр сілкінге тұтастырып, рухы жанына жарасым тауып, халық жаны қайнар көзі ашып, болашаққа қай бағыт-бағдармен өрістеу мен өрлеу керектігін терең ұғынып, сара саясат жүргізіп, тақ төріне озды.

Атақоныс болып қалған Агра мен Делиден айырыла жаздап, қырда босқын болып, барарын жел, қонарын сай білетін қанбақтай күн кешіп жүрген құмайынның отбасында, Раджастан түзінде туылған Әкбар (1542 ж.) оң мен солын тани келе атасындай мұрагерлік таққа ерте отырып, жарты ғасырдай «ақ дегені алғыс, кара дегені қарғыс» болды. Ат жалын енді ғана тартып мініп,

«Что же касается до вашего мнения о моем суждении об исламе, то хочется вам сказать то, что истинная религия, по моему мнению, есть только одна. Вся эта истинная религия еще не открылась человечеству, но часть ее проявляется во всех исповеданиях. Весь прогресс человечества состоит в этом всё больше и больше соединении всех в этой одной истинной религии и в всё большем и большем уяснении ее. И потому всем любящим истину надо стараться отыскивать не различия в религиях и их недостатки, а их единство и достоинства. То, что я и стараюсь делать по отношению всех религий и также и по отношению хорошо мне известного ислама». (Бұндағы Елкебаев емес, Елікбаев болуы да бек мүмкін). Л.Н.Толстой көрсеткендей, өзі түзген «Оқу шенбері» мен «Күн сайын» кітаптарында Мұхаммед пайғамбардың мысалдары мен нақылдарына көп сілтеме жасай отырып келтіреді. Демек, қай заманда да дін мен ділдің көкейкесті қажеттілігі байқалады. Дала данышпаны Абай да қалыспайды.

«Адамзаттын бәрін сүй бауырым деп». Бұл тұста ұлы моғолдар құрған мемлекет дәуірледі. Елді жарты ғасырға жуық билегенде Әбу-л-фатх Жалел әд Дин Әкбар басқару, әскери және әлеуметтік-тұрмыстық жүйеге бірқатар әеру өзгерістер енгізді. Аграға апаратын қасқа жолдар түзеліп, қос қапталға тал-дарақтар егіліп, аймақтар

шешендік болмаса, ұзақ уақыт бір-бірімен басы біспейтін қырық ру елде темірдей билік тізгінін жалғыз қолда ұстап тұру мүмкін бе? Әмір Темір үрім-бұтағы жат жерде Бабыр мен Әкбардай жүйені жүйелі түрде жүргізе алмай, ұрпақтар сабақтастығынан ұлы моғол қағанаты бірте-бірте ыдырап, майлы шелпектен узіп-жұлып, дәм-тұз татып қалайын деген пасық пияғалмен Португалия, Голландия, Франция мен Англия сауда-кәсіп алпауыттары жемтікке жанталасып ұмтылған қарға-қуығндай Үндістанды бөлшектеп, бар байлығын теспей сорып, андыздады. Қашан да қасқыр орманға қарап ұлығанын қойған ба? Сөйтсе де кейбір желөкпелер кеуде қағым, шұғылалы шығысқа шікірейе қарап, Италиядан тараған қайта орлеу дәуірі Батысқа қанат жайды деп даурықты. Түлкі заманды тазы болып, шала алмағандардың аузы аңқиып айдалада қалды. Ресми құжаттарда ұлы моғол



«Ресей туралы хаттарын» жазды. Ол ағылшын отаршыллығын аяусыз айыптағаны үшін Ұлыбритания жағы шамланып, оның таралуына тыйым салып, тіпті жариялаған баспаға шүйіліп, насихаттағаны үшін құстаналады. Халық қаһарманы, Кеңес одағының батыры Бауыржан Момышұлы Р.Тагорға арналған мақаласында оны ашып көрсетті: «Ресей туралы хаттардағы» империализм мен отаршылдыққа қарсы үннің пәрменділігі сонша — бұл кітапты ағылшын тіліне аударуға тыйым салынды. Ал оны бенгал тілінде басып шығарғаны үшін редакцияға (?) ағылшынның отаршыл өкіметі айып салды.

Әкбар мен оның дәуірі туралы аз жазылған жоқ. Сонда да базбіреулерін жалды жаңғырта кетуге не жетеді. Жавахарлал Неру «Әкбар орасан қуат-күш және қайраткерлік тұлғасымен ерекшеленіп, жабайы және қауіпті аңдарды аулауға қатты құмарлатын еді. Оның жүрек жұтқан батырлығы соғыстағыдай кейде шектен шығып кететін». Тағы да сол: «Әкбар шүйіркелескенде кісіні өзіне тартып тұратын қасиеттен жомарттықпен жарағандай: иезуиттер тамсанып тамаша суреттегендей, өнменнен өтетін «отты көздері күн нұрымен ойнақшыған теңіздей құбылып тұратын». Бес мың жылды қамтыған эпопеядай «Үндістан тарихын» тәпсірлеген ағылшын маманы Джон Кей де алалдық танытып, оның кейбір іс-әрекет, мінез-құлықтарын жіті байқағандай: «Мың бір түндегі» харон Рашидтей «Кей кезде Әкбар жымын білдірмей базар саудагерлері мен шаруалар арасында еркін жүру үшін патша ордасынан сытылып шығып кететін... Бабыр мен Құмайынның ерекшелігі — Әкбар Үндістанда үнді ауылында туды және үнділердің арасында өсті» — деген.

Қазақтың ақиық акындарының біреуі Тұманбай Молдағалиев та 1977 жылғы сапарда бөктердегі қоржыннан толтырып, жырмен оралыпты.

*Әкбар патша — Бабырдың бел баласы,
Өлгеннен соң берілмек ер бағасы.
Елестейді көзіне бір арғымақ
Ұшып бара жататын желге қарсы.*

*Жерден әлі биік тұр Жеңіс қала,
Жан-жағыңа абайлап тегіс қара!
Тас қорғанды талқандау мүмкін емес,
Қала сырты жайнаған егіс дала.*

*Мына сарай сәнді де, көрікті де
Көзіміз де тойып тұр көріп, міне,
Арнап патша салдырған сүйегіне,
Коздырғандай құмарлық желікті де.*

*Біз асатын бел де көп, белес те көп,
Алғандабы көңілім елеске көп.
Жарына арнап бір сарай салдыру да,
Жақсылықтың нышаны емес пе деп.*

*Мен ойладым, сен бұған келістің бе?
Келмейтінің білеміз жеңіс күнде.
Сарай ма, әлде, кітап па жалғыз белгі
Қалдырғанға не жетсін жер үстінде.*

Әрине, бөрінен де кей тараулары патша патшасының көзі тірісінде жазылған Әбу-л Пазыл Аллами еңбегі бәсінін бағасы жоғары. Оған күн жетпейтіндей.

«Әкбар-наме» беттерінен: «Алланың данқы арта берсін! Парықсыздықтың түмшалаған түнінен кейін бірлік азаттығының арайлы күні тулы, еңсені езген ымырт қараңғылығын қуаныш таны алмастырды, көк періштелерінің тілегі орындалды, Жер тұрғындарына абырой өкелді».

Таңғажайып үлкен түбек тыныс-тіршілігінде елді екі ғасырға жуық билеп-төстеген ұлы моғолдардың қалдырған нұрлы ізі құс жолындай сайрап жатыр. Мемлекет барынша нығайып, кемеліне келе бастады, шартараппен әр тараптағы қарым-қатынас күшейді. Бұған үнді ақын-жазушылардың шығармашылығын



тұрып, үнді ұлтшылы атанса, осында туып-өскен Уильям Теккерей (1811-1864 ж.ж.), Калькутта) мен Редьярд Киплинг (1865-1936 ж.ж., Бомбей) қадау-қадау туындылары осы қасиетті топыраққа тамыр тартты. Шығыс төл басы Нобель сыйлығының лауреаты Рабиндранат Тагор 1932 жылы социализм кіндігінде болып, оралған соң

зерттеп, зерделеп тәржімалау үстінде көзіміз одан сайын жете түсті. Әсіресе жарты ғасырдай Әкбар билеген тұста жүздеген тілде сөйлейтін халық бірлігі артып, Үндістанның келешекке деген сәулеті сенімі, оянып, үміт оты ұшқындалды...

Аян-Сейітхан
НЫСАНАТИН

ТАРИХ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



«Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды».

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласынан.

Еліміздегі халықтардың татулығы мен достығының мекеніне айналып, бейбітшіліктің белдеуі болған «Отпан» тарихи-мәдени кешенінің ашылғанына 10 жыл толды. Ынтымақтың ыстық алауы жанып, тұрақтылықтың туы тігілген киелі орында осы уақыт ішінде Адай атадан тараған ұрпақтар бірлік отын маздатып, ата рухына тағзым етті. Мұнда жыл сайын елді ауызбіршілікке, ынтымаққа үндейтін, алыс-жақын ағайынмен туысқандықтың тамырын бекітетін Аман мерекесі тойланып келеді. Батыс Қаратаудың ең биік

оянбайынша, біз ешуақытта өркендеп, өсе алмаймыз. Ұлттың ішкі рухы — оның өсуінің кепілі. Сондықтан Отпанда жасалып жатқан қызметтеріміздің басты мақсаты — бұқара халықты жұмылдыру арқылы ұлттық санан ояту, салт-дәстүрімен қайта табыстыру. Сол салт-сананың, ұлттық дәстүрдің, қағидалардың аясында қазақтың бойындағы ар-намысты ояту арқылы туыстығын баянды ету. Сол туыстық арқылы біз жұмса жудырық, ашса алақан болып, болашаққа аяқ басуымыз қажет. Бізден кейінгі ұрпаққа мынау ұлан-ғайыр даланың бізге дейінгі тарихын және бізден кейінгі баянын дәріптеп, кемел келбетін рухани тұрғыдан жүректерге сіңіруіміз тиіс. Отпан тауға қазақтың үш би — Қазыбек, Төле, Әйтеке биді әкелдік.

Береке-бірлік — рух қайнары



нүктесіндегі тарихи- мәдени кешеннің 10 жылдық мерекесі елді татулыққа, тұрақтылыққа ұйытты.

Маңғыстау ауданының 90 жылдығы аясында ұйымдастырылған жалпыхалықтық мерекеле алыс-жақыннан келген қонақтар «Отпан» тарихи-мәдени кешенінің жанындағы «Үш жүздің төбе билері» монумент ескерткішінің ашылуына қатысты. Ұлы дала елінің дарабоздары Қазыбек, Төле, Әйтеке билердің ескерткішінің шымылдығын облыс әкімі Ералы Тоғжанов, Маңғыстау облысының құрметті азаматы, қоғам қайраткері Өмірзақ Озғанбаев, ақын Сабыр Адай ашты.

Аймақ басшысы Ералы Лұқпанұлы «Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында еліміздің рухын көтеретін, елдігін танытатын істер атқаруды тапсырды. Өркениетті, дамыған мемлекеттердің ерекше қастерлейтін қасиетті жерлері болады. Түп-тамыры 10 жылдан емес, тарихтың көне ғасырларынан бастау алатын бұл орын арқылы ата-бабаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғады. Мұнда кезінде жағылған ұран оты елді бірлікке, татулыққа шақырды. Отпан тау — көпұлтты Отанымызда тағдыр табыстырған өзге ұлт өкілдері үшін де қастерлі нысан. Мұнда қазақстандық ұлт идеясы жүзеге асырылып жатыр. Жаңадан ашылған «Үш жүздің төбе билері» монументінің тұғыры да осындай биік идеяларды көздеген асқар таудың басы болмақ. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды. Отпанның ұлыларымыздың өнегелі жолын насихаттау арқылы жас ұрпақтың санасына ұлттың генетикалық қодын сіңіріп, «Мәңгілік ел» стратегиясы негіздерінде тәрбиелеуде атқарған рөлі зор. Отпан тауды қазақтың қарашанырағының отауы десек, бүгінгі «Үш жүздің төбе билері» монументінің Отпан тауда орын тебуі заңдылық. Ұлылардың ұлағаты ұрпақтың жүрегіне ұяласын! Ұлттық қолты сіңіру дегеніміз — міне, осы», — делі.

Маңғыстаулық мүсінші Көшер Байғазиев соққан ескерткішке қонақтар гүл шоғын қойды. Еңсе көтерген туындының ашылуына қатысқан ел ағалары лебіздерін білдірі.

«Адай ата - Отпан тау» тарихи-танымдық, этно-мәдени кешенінің авторы, ақын Сабыр Адай «Кез келген киелі орын, кез келген аймақ сол жерде өмір сүріп жатқан өкілдерімен баянды. Кез келген қазақ даласының пұшағы — қазақ халқының мәңгілік құндылығы, оның ары мен намысы, атадан балаға қалған мұрасы, оның болашағы. Жалғыз түп жусан түбінде біздің қазаққа ортақ намыс бар. Сол намыс, ұлттық рух

Бұл — Маңғыстау халқының қазаққа, тегіне деген құрметі. Қарашанырақ та соның белгісі. Үш билдің ескерткіші маңғыстаулықтардың жүрегіндегі қазақ халқының бірлігіне деген символы. Батырларымыздың рухымен қазаққа ұран салсақ, енді бізге үш билдің рухы келіп қосылды. Маңғыстау халқын, алты алашты ортақ бірлікке шақырамыз. Ел аман, жұрт тыныш болсын!» — делі.

«Отпан» тарихи- мәдени кешенінің құрылысына атсалысып, қызмет еткен, тілектес болған Қазақ еліндегі, алыс-жақын шетелдердегі азаматтарға арнап алғыс тактасы ашылды. «Ақсарай» мұражайының алдына орнатылған алғыс тактасын ардагер дәрігер Сүлеймен Бердәулетов пен облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серікбай Төлетов ашты.

Еліміздің өзге аймақтарынан, облысымыздан келген қонақтар Адай ата кесенесіне бет алып, ата-бабалар рухына құран бағыштады. Отпан таудың етегіндегі «Қарашанырақтың» жанына жағалай тігілген киіз үйлер, әдемі безендірілген сахна, ошаққа асылған қазан, кен жайылған дастархан мерекенің сән-салтанатын айшықтай түскен. Мерекелеген қауым қаз-қатар тігілген киіз үйлерге түсіп, ұлттық тағамнан дәм татты. «Қарашанырақ» нысанындағы көрмеде өңірдің колөнер шеберлерінің жұрттың нақыштағы әртүрлі бұйымдарына ұлттышлық қызығушылық танытып, сатып алып жатты.

«Отпан» тарихи-мәдени кешенінің 10 жылдығының салтанатты ашылуында облыс әкімі Ералы Тоғжанов құттықтау лекциясы жеткізіп, елдік істердің атқарылуына атсалысып жүрген бірқатар азаматқа, мәртебелі қонақтарға халықтың атынан алғыс білдіріп, сый-сыяпат табыстады.

Мереке аясында «Рухани жаңғырудағы «Отпан» тарихи- мәдени кешенінің рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Сахна төрінде жергілікті өнерпаздар мен жыршы-күйшілер құмбірлетіп күй төгіп, құйқылықта ән салды. Мерекелік бағдарламалар мазмұны мәдени шаралармен қатар ұлттық ойындарды да қамтыды. Шетпеннің шетіндегі ат жарысы алаңына түстен кейін облыстық атан, тай жарысы өтті. Атан жарыста Сұлтанғали Кенебаевтың («Маңғыстау ауданы») түйесі бірінші болып мерге сызығын кессе, Дүбәкбір Баубектің («Маңғыстау ауданы») түйесі екінші келді. Жүлдегерлерге 200 және 100 мың теңге көлемінде қаржы табысталды. Тай жарыста Қилыбек Қойышбаевтың аты қамшы салдырмай, бірінші болып келді. Жүсіпбек Қонаевтың жүйрігі 2-ші келсе, 3-орын Азамат Қожахметовтің тұлпарына бұйырды. Топпарқатарда Нұрболат Онайбаевтың аты жеңімпаз болды.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы



(«Дін-и илаһи») буддизм, жайнизм, зороастризм мен исламның ең жақсы қалірі-қасиеттерін сіңіре отырып, некеlestірді десе де болғандай. Бұның сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік өмірде зор маңыз атқарғанын айтып жату артық, әрине.

Әлем әйгілі әміршілерінің мұндайға немқұрайды қарамағаны байқалады. Қос түйізді Ескендір Зұлқарнайын қолбасылары мен қосындарын түгелдей дерлік парсы перизаттарына үйленуге мәжбүрлеп, Азия мен Еуропаны ұйыстырғысы келсе, Египет пен Римді бір ұыста ұстау үшін Юлий Цезарь Мысыр патшайымы Клеопатраға үйленді. Шыңғыс хан ғана астамшылық жасамай, діннің қай-қайсысына да төзімділік танытып, шынайы қамқорлық көрсетті.

Соларға ұқсас асыл ойды араға үш жүз жылдан астам уақыт салып, Ақсәуле алаңқайдың (Ясная Поляна) иесі мен киесі, аса ақылмен абыз, санлақтың санлақ суреткері Лев Толстой шіркеумен мүлде ат құйрығын кесіп жүріп, Семейдегі хат тасушысы диірменшінің баласы, жетім-жесірлердің ұл-қыздары үшін ашылған мектеп-мәдресе оқу ісінің менгерушісі, кейіннен кітап дүкенінің қызметкері Рахматулла Менғалиұлы Елкебаевқа (1877-1919 ж.ж.) да айтып, адамзатты адастырмайтын ортақ барлық дүниедегі діндердің жақсы жақтарының жиынтығы керектігін алға тартты. 1908 жылғы 10 маусымдағы хатында ол сол мәселеге қайта оралып, тамызық тастайды:

жаратылысқа жақын болатынының сыры көп.

Әкбар Шығысқа қарай көз алартып, бірнеше сәтті жорық жасады. Ұсақ-ұсақ кішігірім қауқарсыз иеліктерді найза ұшы, білек күшімен бағындырып алу өз алдына, ал Бенгалия мен Кашмирді жаулап, мемлекетті іргесін одан сайын кеңейту жеңіл емес. Не дегенмен, ол ірі тарихи тұлға, қаһарман қайраткер. Алыстан алмас қылыштай жарқырайды. Түгел темір ұрпақтарындай жаны жұмсақ, мінезі мінәйі, таққұмар тәкаппар, қаһары қатал болатын. Жаһангер өз «Түзігінде» арқа сүйейтін асқар тауын былай сипаттап түсіндіреді: «Менің әкем (яғни Әкбар — А - С.Н.) әрқашан ойшылдар және үнді оқымыстылармен тамаша тіл табысып, іс-әрекет етті, сауатсыз болса да, ұдайы ақылман адамдармен әңгіме үстінде көп нәрсеге көкірек көзін жеткізіп, бәрі айқын аян еді, ешкім де оның, тіпті тілашарды тауыспағанын байқамайтын». Қолды жүрек тұсына қойып, құдайылығын айтпайықшы, жеке кітапханасында жиырма төрт мың том қолжазба бар кісіні қара танымайтындар қатарына қалай жатқызып, оған қиюға болады? Бірақ шынықты шыңғыртып, өз перзенті айтып отырған жоқ па?

Тарих таразысына жүгінесек, өзінен кейін Әкбардай мәңгілік із қалдырғандар бірен-саран. Асқан ақыл-парасат, кемел көреген көсемдік пен суырылып шыққан

Экономика

ТОҒЫЗ АЙДАҒЫ ТОЛЫМДЫ ТАБЫС



Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірхановтың айтуынша, өңір экономикасын дамытып, өнімді еселеуде жыл басынан бері біраз істің басы қайырылып, оң нәтижеге қол

дақылдары толық жиналған. Етінен де мол өнім алынып, қамба астыққа толды. Сонымен қатар қант қызылшасының өнімділігі де жаман емес. Тек өнімді экспорттау жағындағы келенсіздіктер болмаса, барлық жұмыс ойдағыдай жүріп келеді. Әсіресе, мыңғыртып мал өсіретін шұрайлы жері мол Райымбек ауданының ет экспорты бойынша жоспарды орындауда дәрменсіздік танытып отырғаны өңір басшысының сынына ұшырап қалды. Ал облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының

басшысы Сексембай Бекішов бұл орайда орын алған кемшіліктің жыл соңына дейін орындалатынына сенім білдірді. Өнеркәсіп саласында да өрлеу бар. Биыл 44 жана нысанның кеңейтілуіне орай қосымша 1191 жұмыс орны ашылған. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің өндірісі бірқатар аудандарда өсе түссе, бытырғы жетістігін әлсіретіп алғандары да бар екен. Мемлекеттік «Индустриалды-инновациялық даму» бағдарламасы аясында іске қосылған нысандар жоспарлы қуатына жеткен, шағын және орта бизнес саласында жұмыспен қамтылғандар саны бытырғыға қарағанда біраз өскен. Бірлік кәсіпкерлікті



қолдауға өткен жылға қарағанда қосымша қаражат бөлінді. Оның ішінде «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 157 жоба іске асып, өңір кәсіпкерлерін ынталандыру жақсы жолға қойылған. Өкінішке қарай, өлкемізге инвестиция тартуда біраз кемшілік байқалады. Айталық, күре жолдың бойына орналасқан, өндірісі өркендеген Енбекшіқазақ сияқты



Жуырда Алматы облысы әкімдігінде өңірдің тоғыз айында әлеуметтік-экономикалық даму барысы сараланып, алға қойған межелі міндет қайталай пысықталды. Шара аясында облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірханов тоғыз ай ішінде атқарылған жұмыс пен алдағы уақытта іске асырылуға тиіс шаруа жайын баяндап, азды-көпті кеткен кемшілікке тоқталды. Жиын барысында облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы, энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшылары мен Жамбыл ауданы және Текелі қаласы әкімдері есеп беріп, күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты пікір білдірді. Сондай-ақ облыстық мәслихаттың кезектен тыс XXIV сессиясы өтіп, бюджетке енгізілген өзгерту мен толықтыру туралы жария етілді. Салық кодексіне енетін өзгерту мен толықтыруды түсіндіру мақсатында Гүлжан Қарағұсованың басшылығымен Парламент Мәжілісінің бір топ депутаты Жетісу жеріне арнайы іссапармен келіп, өңірдің жағдайымен танысып қайтты. Сонымен бірге қысқы жылыту маусымына дайындық барысы да пысықталды. Сол қатарда өңірлер мен өзге де салалардағы жетістік көңіл қуантады. Ендеше, біз осы ретте облыс тұрғындарының тұрмыс-тіршілігімен тікелей қатысты болған жаңалықтар ретін кезек-кезегімен баяндап беруді жөн көрдік.

кейбір аудандардағы инвестиция тарту көңіл көншітпейді. Есесіне, Алматы мен облыс орталығынан алыста жатқан аудандардың ұмтылысы жақсы. Инфрақұрылым тарту бойынша қолға алынған жобалардың басым бөлігі «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Сондай-ақ шағын және орта бизнес субъектілерінен бюджетке қосымша қаражат құйылған. Бағаның өсуіне жол бермеу мақсатында облыстың тұрақтандыру қорының бөлен қаржысымен сатып алынған

пайдалана отырып, жыл соңына дейін одан да биік көрсеткіштерге жетуіміз керек. Межеленген жоспардың бәрі орындалуы тиіс. Мемлекет басшысы қойған мақсат-міндетті кешенді түрде іске асыруда бастамашы бола білуіміз қажет. Әсіресе, «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында бөлінген қаржының дер кезінде иерілуіне ерекше назар аударған жөн, — дей келе, барлық бағыт бойынша белсенді әрі сапалы жұмыс істеу керектігін нықтап айтып өтті.

ЕЛ ИГІЛІГІ АРТЫП,

өнім базар бағасынан бірнеше пайызға төмен сатылған. Десек те, негізгі азық-түлік тауарларының бағасы шекті деңгейден жоғары белгіленіпті. Ал құрылыс жұмыстарының көлемі өсіп, «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша іске қосылған үйлер жұрт ризашылығын бөленген. Тұрғын үйлерді инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін қажетті көлемде қаражат қарастырылып, бүгінге дейін соның басым бөлігі игерілген.

Биыл елді мекендерді орталықтандырылған сумен қамту деңгейі барынша өскен. Оның ішінде сумен қамту және су бөлу жобасы бар. Сол сияқты жылыту маусымын ойдағыдай өткізу үшін де тиісті көлемде қаражат қарастырылып, екі мыңнан астам бюджеттік сала нысандары мен мыңнан астам тұрғын үйлер дайындалған. «Жұмыспен қамту жол картасы — 2020» бағдарламасы шеңберінде жана жұмыс орындары көптеп құрылып, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жобалар өз деңгейінде жүзеге асырылуда. Білім беру, денсаулық сақтау саласында күрделі жөндеу жоспарланған нысандардың дені аяқталып, қалғандары жұмыс кестесі бойынша жүргізілуде.

Сөйтіп, тоғыз айда жүзеге асқан жұмыс пен орын алған оқиықтардың толық тыңдап шыққан облыс әкімі Аманжол Баталов «Нұрлы жол», «Бизнестің жол картасы — 2020», «Жұмыспен қамту жол картасы — 2020», «Балапан» бағдарламаларын жүзеге асыруды, өнеркәсіп саласындағы жұмысқа екіпін қосуды, жиын-терін науқанын уақытылы бітіруді, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақты ұстауды, биылға жоспарланған нысандардың құрылысы мен күрделі жөндеуін дер кезінде аяқтауды және жылыту маусымын талапқа сай орындауды назарға салды. Мәжілісте Жамбыл ауданында үш ауысымды мектептердің азаймай тұрғандығы мен Талдықорған және Текелі қалаларының 1 млрд теңге қаржыны толық игере алмағаны мәлім болып, әкімдерге оны тез арада ретке келтіру тапсырылды. Осы сияқты басқа да кемшіліктерді сынга алған облыс басшысы оны түзетуде салаға жауапты басшыларға қойылар талаптың күшейтетінін жеткізіп, өз орынбасарларына нақты тапсырма жүктелді. Сондай-ақ ол осы істердің орындалуы қатаң бақылауда болатынын нықтап ескертті.

Алқа мәжілісін қорытындылаған **Аманжол Баталов:**
— Жалпы, облыс бойынша барлық салада ілгерілеушілік бар. Бұған масаттанбай қолда бар мүмкіндікті тиімді



БЮДЖЕТКЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірханов облыс бюджетін кірістер бойынша 3,1 млрд теңгеге арттыру ұсынылып отырғандығын жеткізді. «Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметкер» 1 функционалдық тобы бойынша 496 млн теңге сомасында шығын көзделуде. Оның ішінде басқару мекемелерін ұстауға және материалдық-техникалық базасын нығайтуға 327 млн теңге, ғимаратты коммуналдық меншікке сатып алуға 196 млн теңге бағытталуда. Сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу және жою шараларын жүргізуге, білім, денсаулық сақтау саласының ағымдағы шығынына қосымша қаражат бөлу қарастырылған. Бұл қаржы балабақша ашуға, 100 студентке жергілікті бюджеттен білім грантын тағайындауға, 40 бірлік санитарлық автокөлік сатып алуға, Іле аудандық орталық ауруханасының күрделі жөндеу жұмыстарын жалғастыруға, А жұқпалы гепатитке қарсы вакцина сатып алуға, тағы басқа да қажеттіліктерге жұмсалмақ.

Әлеуметтік сала шығындарына да 61,1 млн теңге бөлу жоспарлануда. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына 1,2 млрд теңге қарастырылып отыр. Бұл қаражат елді мекендерді абаттандыруға, жарықтандыруға, көгалдандыруға, сумен қамту жүйесін жөндеуге, тұрғын үйлерді жылумен қамтуға бағытталмақ. Мәдениет саласына да қосымша 110,7 млн теңге қарастырылған. Ол Қарасай ауданының Шамалған ауылында мұражайдың ашылуына орай 22 штаттық бірлік енгізуге, «Рухани жаңғыру» жобасын жүзеге асыру аясында мәдени-көпшілік шараларды өткізуге, мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға жұмсалмақ. Ауыл шаруашылығы, көлік және коммуникация, дене шынықтыру және спорт, ішкі саясат салаларына да қосымша қаржы бөлу қарастырылған.

Өңір жағдайымен танысты

Өңірге арнайы іссапармен келген Парламент Мәжілісінің депутаттары Талдықорған қаласындағы тіл сарайында облыс әкімі Аманжол Баталов бастаған жергілікті билік және бизнес өкілдерімен кездесіп, ел дамуының болашағы жайлы әңгіме өрбітті. Тіл сарайында өткен жарқын жүздесуде алдымен сөз алған облыс әкімі Аманжол Баталов Астанадан келген қонақтарға

облысымыздың экономикалық, әлеуметтік даму көрсеткішін таныстырды. Өңір басшысының айтуынша, бүгінде облысымыздың барлық саласындағы өсім ойдағыдай. Басқасын айтпағанның өзінде жергілікті бюджеттің түсімі өткен жылдардың осы мезгілімен салыстырғанда 51 пайызға өсіп, бытырғы жылмен салыстырғанда 139,8 млрд теңгені құраған. Басқа салаларда да өсу мен өркендеу бар.

Облыс басшысынан өңірдегі даму үдерісін толық ұғынған Мәжіліс депутаты Гүлжан Қарағұсова мен ұлттық экономика бірінші вице-министрі Руслан Дәленов, тағы да басқа депутаттар сөз алып, еліміздің бүгінгі әлемдегі орны мен мемлекетіміздің гүлденіп, көркеюі жолында атқарылып жатқан ілімді істерді, Салық кодексіне енгізілетін өзгерістердің жай-жапсарын айтып, ой бөлісті. Сол қатарда залға жиналған көпшіліктен түскен сұрақтарға да тұщымды жауаптар қайтарылып, қызу талқы түннің бір уағына дейін жалғасты. Келесі күні депутаттар облыс орталығы мен оған жақын орналасқан елді мекендерді аралап, шаруа қожалық иелері, жеке кәсіпкер азаматтармен кездесіп, өңірде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардың жай-күйімен танысты.

Биыл облысымыздың ауыл шаруашылық жалпы өнімі 459,6 млрд теңгені құрап отыр. Сонымен бірге 9,2 мың гектарға қызылша еккен жетісулықтардың үмітін Ақсу және Көксу қант зауыттары үкілеп келеді. Биыл екі зауыт 320 мың тонна қант қызылшасын өңдемек. Соған орай қонақтар облыс әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашов пен әкім орынбасары Серікжан Бескемпіровтың бастауында «Көксу қант зауыты» ЖШС-не ат басын бұрды. «Көксу қант зауыты» ЖШС директоры Әділбек Абатов зауытты аралатып, өнім өндіру мүмкіндігі, қуаттылығы, тағы да басқа жағдайлармен толық таныстырды. Осыдан кейін депутаттар «Каримов» жеке шаруа қожалығының тауарлы-сүт фермасының жұмысын көрді. Жалпы алғанда сүтті бағыттағы 400 бас сиыр ұстауға болатын кешен заманауи технологиямен жабдықталған.

Ондағылардың айтуынша, ферманың барлық жұмысы компьютермен басқарылады. Қазірдің өзінде онда 160 бас сиыр болса, келешекте сауын сиырдың санын 400 басқа жеткізуді жоспарлап қойыпты. Қысқасы, кешеннің заманауи жағдайы депутаттардың көңілінен шықты.

Қаратал өзені бойындағы аллеяны аралап шыққан депутаттар бірнеше жылғы тынымсыз жұмыстың бүгінгі нәтижесін көріп, ризашылығын білдірді. Алта кетерлігі, аумағы атшаптырым аллеяда бөрі бар. Отыруға ыңғайлы орындық, жайқалып өскен жасыл желек, көлеңкесінде көлемді іс-шара атқаруға ыңғайлы шатыр, тақтайдай төселген жол, балалар ойнайтын құрылғылар, спорттық шараға ыңғайлы дайындық алаңы көңіл қуантады.

Депутаттар келесі кезекте өндірістік аймақтың мүмкіндігімен танысты. Бүгінде облысымызда «Талдықорған», «Боралдай», «Қайрат», «Арна», «Қазыбек бек» сияқты 5 индустриалдық аймағы, «Шамалған» агроөнеркәсіпті аймақ пен «Даму» индустриалды-логистикалық орталығының жобасы жасалып, жер аумағы белгіленіп, жұмыстар жүргізіле бастады. Ол жерлерде инвесторларды қызықтыру мақсатында су құбыры, көріз жүйесі, автожол, теміржол салынып, инфрақұрылым мен коммуникациялық қызметтер жанартылған. Сондықтан біздің өңірмен бірлесіп жұмыс істеуге ынта танытатын шетелдік инвесторлардың қатары артауда. Бұл жетістікпен қатар облысты газдандыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар да халық қалауларының назарын аударды.

Астаналық қонақтар «Жастар» саябағы мен жастарға қызмет көрсету орталығы және оқушылар сарайының да мүмкіндігімен танысты. Болашағынан үміт күттіретін жастардың жалынды бейнесін көріп, құлдырандап гүл ала жүгірген балғындардың балдай қылығына ризашылық танытты.

Депутаттар облысымызда ел келешегі жолында көптеген игілікті істердің атқарылып жатқанын көріп, Елордаға ризашылықпен аттанды.

Жұрт жылусыз қалмайды

Қуз түндігі түріле бастағанда жерлеріміз қысқы дайындыққа көшетіні анық. Осы барыста қалалы жерлердегі мемлекеттік мекемелермен, коммуналдық нысандардың қысқы дайындығын толық қамдап басты тақырыпқа айналады. Жауапты мекемелердің хабарлауынша, биылғы қысқы жылыту

маусымына дайындық ойдағыдай. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы баскармасының басшысы Әсет Қанағатов алдағы қысқа дайындықтың қалай жүргізіліп жатқандығы жөнінде айтып берді. Оның сөзіне сенсек, Жетісу өңірі жұртшылығының қыстан қысылмай шығуы үшін атқарылуға тиіс бар шаруа дер кезінде қолға алынып, талапқа сай орындалыпты. Алдағы жылыту маусымына 6 млрд теңге қаражат бөлінген. Соның ішінде бюджеттік мекемелерге қажет жабдық алу мен жылу жүйелерінің күрделі жөнделуіне 410 млн теңге, отын сатып алуға 5,6 млрд теңге қарастырылыпты. Ал кәсіпорындардың жеке қаражаты 2,03 млрд теңгені құрайды. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында бес жобаны іске асыру үшін 3,7 млрд теңге бөлінген.

Сонымен бірге қатты отынды қазандықтар мен жылу жүйелерінің ағымдағы және күрделі жөнделуі, жуылуы, тексерілуі, су құбыры жүйесінің тазалануы да жан-жақты сөз болды. Бүгінде жылу жүйелері 95 пайыз, электр желілері 92 пайыз, су құбыры — көріз жүйелері 98 пайызға дайын. Бюджеттік сала нысандарының әзірлігі де 100 пайыз. Ірі қалалар мен аудандардағы әлеуметтік сала нысандарын қажетті отын қорымен қамтамасыз ету мәселесі де ерекше бақылауда. Бір сөзбен айтқанда, жылу беруге қатысты жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізіліп, басым бөлігі аяқталған. Сондықтан, өңірде алдағы қысқа әзірлік жаман емес.

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ ЖҰРТТЫҢ ЖҮГІН ЖЕҢІЛДЕТІ


«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» бойынша Талдықорған қаласында жеңілдетілген пайыз арқылы мемлекеттен 974,2 млн теңге бөлу жоспарланған. Жыл басынан бері аталған бағдарлама аясында 209 азамат несие алуға ниет білдірсе, оның ішіндегі 158

малдарын жемнен бөлек, дәрумен қосылған жоңышқамен азықтандыруда. «М. Қапан» шаруа қожалығының иесі сәті түссе, үш айдан кейін мал етін сатылымға шығармақ.

Жеңілдетілген несие алудың жолына келсек, жұмыссыз ретінде арнайы мекемеде тіркеуде тұрған және өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған азаматтар жұмыспен қамту орталығына өтініштерін жолдайды. Қаржылай қолдау көрсететін әр қордың өз талабы бар. Барлығына ортақ талап — несие қаржы көлеміне байланысты кепіл заттың болуы міндетті.

ЕТ ӨНДЕЙТІН ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Алматы облысы әкімдігінде өңір басшысы Амандық Баталов пен BaumanGmbH&COKG



ӘЛЕУЕТІ ӨСІП КЕЛЕДІ

адамға жолдама беріліп, 34 адамның өтініші қанағаттандырылды.

Оның ішінде «Талдықорған агро» бойынша 15 азаматқа 119,1 млн теңгенің, «Ауыл шаруашылығын қаржыландыру қоры» бойынша 17 азаматқа 53,6 млн теңге, «Даму» қоры арқылы 2 азаматқа 36 млн теңге барлығы 208,7 млн несие берілген. Иә, мемлекет ұсынған ең төменгі пайызбен қаражатқа ие болып, оны тиімді ұқсата білсең, ертеңгі күні шарапатын көресің. Мұны кәсіпкерлер де растап отыр. Мәселен, ЖК «Лик» шаруашылығының иесі Ли Юрий есімді азамат бұрыннан пластикалық терезе жасаумен айналысып келеді. Ол газеттегі бағдарландырудан кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша шағын несие алуға болатынын біліп, кәсібін кеңейте түсу мақсатында мемлекеттен 8 млн теңге қаражат алған. Бүгінде ісі өрге домалап, нәтижесінде пластикалық терезе шығаратын шағын цехының өндірістік қуаттылығы арта түскен. Айына орта есеппен 150 шаршы метр өнім шығарады. Юрий қазір екі адамды жұмыспен қамтып отыр. Алдағы уақытта өндіріс көлемін ұлғайту да жоспарында бар.

«Бейсенбаев Б.Д.» шаруа қожалығының иесі Беделхан Дәулетханұлы да жұмысына жан бітіру мақсатында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының көмегіне жүгінген. Төмендетілген пайызбен 10 млн теңге көлемінде несие алып, қолданыста жүрген К-700 тракторын және бір комбайн сатып алған. Қазіргі таңда жеке меншігінде 90 гектар суармалы жері бар. Биыл соның 60 гектарына соя, қалған бөлігіне жоңышқа сеуіпті.

«Құдайға шүкір, ісім оңға басып, жағдайым түзеліп қалды. Шаруаларға осындай мүмкіндік беріп отырған мемлекетке көп рахмет. Тек, сұраған ақшаны дер кезінде бере қойса, нұр үстіне нұр болар еді. Себебі, мен несие алу үшін наурыз айынан бастап құжаттарымды өткіздім.



Ақшаны күзде, бірақ алдым. Осы жағынан біраз қиындықтар туындады» деген шаруа иесі несиені жеті жылға бөліп алған. Ол мүмкіндігінше қарай сәті түссе, қарызын мерзімінен бұрын жауып тастауға ниетті.

Сондай-ақ 6 пайыз көрсеткішпен несие алғандардың бірі — Майра Қапан. Ол 4 млн 400 мың теңгеге 24 бас ірі қара сатып алып, бүгінде мал бордақылау мақсатында айналысуда.

«Ай сайын 21-22 мың теңге ғана төлеймін. Ал негізгі қарызды бір жыл өткеннен кейін айлық үстеменмен жылына 700 мың теңгеден қайтарып отырамын. Яғни бес жылдың ішінде алған қарызымды толықтай өтеуге мүмкіндігім бар» — деген Майра несиенің өте ыңғайлы әрі тиімді екенін алға тартты. Қазір

компаниясының бас акционері Райнер Бауман бастаған компания өкілдері қосымша азықтандыру, мал сою, тереннен өңдеу, ұсақ мал етінен полуфабрикаттар мен дайын өнім шығарумен айналысатын ірі ет өңдеу кешенінің құрылысы инвестициялық жобасын жүзеге асыру туралы мәселелерді талқылады.

Кездесу барысында облыс әкімі ұсақ мал етін өңдеу саласын дамытуда бұл жобаның маңызы зор екенін атап өтті.

А.Баталов «Елімізде 20 млн басқа жуық қой бар. Бірақ қой етін өңдейтін бірде-бір кәсіпорын жоқ. Сондықтан, бұл ет өңдеу кешені құрылысының толыққанды жүзеге асуы біз үшін аса маңызды. Біз өз тарапымыздан сіздердің компанияның тиімді жұмыс істеуіне қажетті барлық жағдайларды жасаймыз. Барлық инженерлік жүйелер — электр, жылу, газ, көріз жүйелері тартылатын болады. Сонымен қатар жобаны жүзеге асырудағы жұмыс барысында туындаған мәселелерді шешуге де қолдау көрсетіледі», — деді.

Сонымен қатар облыс әкімі неміс компаниясының жобалауға қашан кірісетінін, жобаның жергілікті климатқа, географиялық ерекшеліктеріне қашан бейімделе бастайтынын, құрылыстың бірінші кезегі қашан аяқталып, қолданысқа берілетінін білудің маңызы екенін де тілге тиек етті. Бұл орайда компания өкілдеріне барлық туындаған мәселелерге қатысты өзін орынбасары Серікжан Бескемпіровке, «Жетісу» ӘКК» ҰК мен «Алматы облысын дамыту жөніндегі «Алатау» АҚ басшылықтарына хабарласып, бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Өңір басшысы А.Баталов «Ортақ жұмыстың арқасында жобаны сәтті жүзеге асыратынымызға сенімдімін. Сапалы өнім шығарып, тұрақты жұмыс орындары ашылғанда оның нәтижесін көретін боламыз», — деді.

Кездесу қорытындысында облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров пен BaumanGmbH&COKG компаниясының бас акционері Райнер Бауман екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы меморандумға қол қойды. Жалпы, BaumanGmbH&COKG компаниясы 1930 жылы құрылған, қой етін өңдейтін Еуропадағы ең ірі компаниялардың қатарында. Қазіргі кезде қозы етін сауалауда Германиядағы нарықтың 25%, Еуропада елеулі бөлігін қамтамасыз етіп отыр. Инвестициялық жобаның жалпы құны 7,1 млрд теңге. Бірінші кезегінің қуаты жылына 15 мың тонна болса, 2-ші кезегі — 30 мың тонна. Құрылатын жұмыс орындарының саны — 700-ден астам. 1-ші кезегінің жүзеге асырылу мерзімі 2017-2018 жылдары. Кәсіпорын өнімдері ішкі нарыққа да және экспортқа да шығарылатын болады.

ҚАЛДЫҚ ӨНДЕУ ТӘЖІРИБЕСІМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстанның Швейцариядағы елшілігінің көмегімен жұмырда Алматы облысының әкімі Амандық Баталов бастаған делегация Швейцарияның Тичино кантонына жұмыс сапарымен барды. Бұл сапар Қазақстан - Швейцария өңіраралық ынтымақтастығына жана серпіліс береді деп күтілуде.

Қазақстан делегациясының құрамында облыс әкімдігінің, І.Жансүгіров атындағы

Жетісу мемлекеттік университетінің, «Алматы облысын дамыту бойынша «Алатау» АҚ, облыстың кәсіпкерлік ұйымдары өкілдері және «Жетісу» ӘКК» ұлттық компаниясының басшылығы да болды.

Сапар кантонмен сауда-экономикалық, қаржы және ғылыми-техникалық ынтымақтастық орнатуды, Қазақстандағы бизнес жүргізудің жеңілдетілген шарттарымен таныстыруды, сондай-ақ келешек ынтымақтастықты кеңейту мен жаңа салаларды бірлесіп табуды мақсат етті.

Қазақстанның Швейцариядағы елшілігінің хабарлауынша, Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың Тичино кантонының президенті Мануэле Бертолимен, Мемлекеттік канцлер Арнольдо Кодуримен, экономика және

зерттеуге, тәжірибе алмасуға, әсіресе, Оңтүстік Швейцарияның қолданбалы ғылымдар және өнер университетімен (SUPSI) білім және ғылым саласында ынтымақтастықты нығайтуға қол жеткізді. Қазақстан тарапы Кантон басшылығымен жергілікті іскер топтарын Алматы облысына іссапармен келуге шақырды.

ҚҰРЫЛЫСТЫҢ МОДУЛЬДІ ЖҮЙЕСІ

Сербияның «Интерьер Янкович» компаниясының өкілдері интерьерлерді, сол сияқты инновациялық құрылыс технологиясын — құрылыстың модульді жүйесін жеке дайындау мен құру саласындағы жұмыстарын таныстырды. Кездесуді Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашов жүргізді.

Делегацияны жылы шыраймен қарсы алған Л.Тұрлашов облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ерекшелігіне, өңірдің инвестициялық тартымдылығына тоқталып өтті. Ол қазіргі кезде облыста жалпы инвестиция көлемі 530,9 млрд теңге болатын 63 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатқанын айтып, 11 мыңға жуық жұмыс орны құрылатынын да тілге тиек етті.

Мұнан соң кездесуде сербиялық тарап өкілдері сөз алды. «Интерьер Янкович» компаниясының бас директоры әрі иесі Божо Янкович компания жұмысы туралы кеңінен әңгімеледі. Ал компанияның

алғашқы күндерінде қоныстандырушыларын қуантуға дайын тұрған үйдің сапасы мен сәнін көріп көңіл демдеген құрылысқа жауапты мамандар шілде айында болашақта төрт жүзден аса отбасына заман талабына сай баспаналар тұрғызылатын Қорғас ауылын бетке алды. Шекара түбіндегі болашақ жана қалашықтың инженерлік-коммуникациялық жүйелерінің құрылысы қарқынды жүруде. «Альтайыр» кәсіпорны қолға алған инженерлік-коммуникациялық жүйесін жалпы ұзындығы 40,6 шақырым. Өткен жылдың қазан айында басталған жұмыстың басым бөлігі іске асыпты. Атап айтқанда, ауызсу жүйесінің 60 пайызы, жарықтандырудың 80 пайызы атқарылып, көшелерге асфальт төселуде.

Құрылыс жұмыстарының барысын облыстық құрылыс баскармасының жіті қадағалауында. Сондай-ақ биыл ауданда құрылысы қарқынмен қолға алынған төменгі Пенжім ауылындағы фельдшерлік акушерлік пунктін сметалық құны — 102, 205 миллион теңге. Өткен жыл соңында іргетасы қаланған нысанның құрылысы аяқталуға таяу. Бұрын орталықтан шеттеу орналасқан елеусіз шағын ауыл «Құрғақ порт» сынды ірі халықаралық жобамен іргелес. Болашақта бұл ауыл бүйірінен орын тепкен теміржолшылар қалашығы Нұркентке, округ орталығы Пенжімге қосылып, қала типті елді мекенге айналуы тиіс.

Ал Жаркент қаласының шығыс бөлігінде жасалып жатқан «Инженерлік-коммуникациялық құрылыс» нысанын да көз тартарлық. Өткен жыл соңында жер бөлініп, бастау алған құрылыс жұмыстарының жартысына жуығы атқарылған. Алдағы жылы талапқа сай инженерлік-коммуникациясы мемлекет қаржысына салынған аймаққа жер кезегінде тұрған



қала халқы жер телімін алып, тұрғын үй сала бастамақ. Жаркент қаласындағы 300 орынды жана мектеп құрылысы толық аяқталып, алдағы оқу жылының басында пайдалануға берілмек.

ЖЕР ИГІЛІГІ

Алматы облысы әкімінің 2015 жылғы 15 қантардағы №20 қаулысымен құрылған облысымыздағы жерді пайдалану мен қорғалуын бақылау баскармасының басшысы Асқар Жолдоғұтов және бөлім басшылары Медет Орманбетов пен Бекзат Ақылбековтардың айтуынша, биылғы жылдың жартыжылдығында басқармаға 1846 хат пен өтініш келіп түсті (мемлекеттік және басқа да мекемелерден — 1630, заңды тұлғалардан — 77, жеке тұлғалардан — 139). Бұл 2016 жылдың жарты жылында түскен 1471 хатпен салыстырғанда 375 шағымға өскен. Бүгінде заңсыз іс-әрекеттер анықталып, оларға тиісті шара қолданылып жатыр.

Жүргізілген тексерулердің нәтижесінде 75 заңбузушылық тіркеліп, 56 субъектіге әкімшілік шара қабылданып, 8 576 820 теңге көлемінде айыппұл салынды. Бұл көрсетілген есепте бытырғы жылдың алты айымен салыстырғанда 5 777 100 теңгеге көбейді (2016 жылдың бірінші жартыжылдығында салынған айыппұлдың көлемі — 2 577 015 теңге).

Басқарма басшысы Асқар Жолдоғұтов жоғарыда көрсетілген мәліметтерге тоқталып, әлі де қарқынды жұмыс жүргізілетіндігін айтып өтті. Ал Медет Орманбетов ауыл шаруашылығындағы жерлердің жай-күйіне тоқталды. 1991 жылы жүргізілген лабораториялық зерттеулермен салыстырсақ, бүгінде қарашірік жарты пайызға төмендеген. Облысымыздағы 60-тан астам шаруашылықтың жартысынан көбі әлі ауыспалы егіс жүйесіне көшпеген. Соя дақылын жылда бір жерге себу арқылы топырақтың құнарын азайтып, өнімін де төмендетіп жатқандар көптеп кездеседі. Осы тұрғыда жоңышқа дақылын ексе, ол топырақта азот жинап, жерді құнарландырады.

ТҮЙІН

«Халқымызда қамданған қапы қалмайды» деген сөз бар. Расында, ертеңгі жоспар мінсіз атқарылуы үшін бүгінгі дайындық жақсы болу керек. Ал табысқа жету үшін мейжеленген жетістікке жетудің барлық тетігі қарастырылып, тапсырманы ыпп-шығрағын шығармай орындаған жөн. Осы тұрғыдан келгенде, Алматы облысы өзге әріптестеріне қарағанда, көш басында келеді. Оған жоғарыда баяндаған жаңалықтарымыз дәлел бола алады. Алайда күн сайын өзгеріп отыратын тірлікте сәтсіздіктердің де аяқасты туындайтыны анық. Сондықтан осыдан былайда босансымай, берік байлам, табандылықпен жұмыс істеген жөн. Сонда ел іргесі бүгін, шаруасы берекелі бола бермек.

Қажет АНДАС, Алматы облысы

Атап өтсек, 30 жылдық тәжірибесі бар «Интерьер Янкович» компаниясының Қазақстан нарығына келгеніне 3 жыл болған. Алматы қаласында филиалы жұмыс істейді.

Атап өтсек, 30 жылдық тәжірибесі бар «Интерьер Янкович» компаниясының Қазақстан нарығына келгеніне 3 жыл болған. Алматы қаласында филиалы жұмыс істейді.

ЖҰМЫС ҚАРҚЫНЫ БӘСЕҢДЕМЕЙДІ

«Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағындағы Нұркент ауылында салынып жатқан Панфилов ауданындағы баспана алу кезегінде тұрған тұрғындар үшін әрқайсысы 60 пәтерлі екі үйлің құрылыс жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Бұл пәтерлердің жалпы аумағы 6341,68 шаршы метрлі құрайды. Сметалық құны 885,5 миллион теңге, үйлерді салу Ринат Рысқұлов жетекшілік ететін New Construction құрылыс ұйымына келісімшарт бойынша жүктелген. Келісімшартқа сәйкес құрылысы 2015 жылы басталып, биылғы мамыр айының соңына дейін пайдалануға берілуге тиіс. Өткен екі жылда құрылысшылар 830 миллион теңге игеріп, көп қабатты үйлердің жалпы атқарылатын жұмыстарын тамамдаған. Биыл келісімшарт бойынша қалған 42,9 миллион теңге беріліп, нысанды пайдалануға беру істері атқарылууда.

Жақында бұл үй пәтерлеріне кезекте тұрған тұрғындар қоныстанбақ. Алдағы жаздың

фармацевтика мен биомедицина салалары дамыған. ЖІӨ 28,6 млрд. АҚШ доллар халықтың жан басына шаққанда ЖІӨ 82,1 мың доллар. Ал Швейцарияның ЖІӨ-ге үлесі 4,5% құрайды. Azienda Cantonale die Rifiuti — Тичино кантонының қалдықтарды терен өңдейтін ең ірі зауыты, тәулігіне 100 тонна қалдықты өңдеп, 10 МВт энергия мен 2 МВт-тан астам жылу қуатын өндіретінін атап өту қажет.

Тичино кантоны басшылығымен келіссөздер барысында сауда-экономикалық, білім, ғылым, туризм, ауыл шаруашылығы және қаржы мәселелерінде ынтымақтастықты нығайту жайы талқыланды. Кантонын президенті Мануэле Бертоли Алматы облысы мен Тичино кантонының екіжақты ынтымақтастық үшін үлкен әлеуеті бар екендігіне және бұл сапар оның іс жүзінде жүзеге асырылуына ықпал ететініне ерекше көңіл аударды.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымының және Еуразия экономикалық одағының мүшесі болуына тиімділігі, еліміздегі кең инвестициялық преференциялар және бизнес жүргізу үшін жеңілдетілген шарттары Швейцария іскер топтарының арасында ерекше қызығушылық туғырды.

Өткізілген кездесулердің нәтижесінде тараптар Алматы облысындағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігін

ӘЙСАААР



Жиеннен туған жиеншар Әділ Америкадан келген. Демалысқа. Әлі бір жыл көлкіген көк теңіздің ар жағында жүрмек. Америкадағы жоғары оқу орындарының бірінде оқитын. Бұйымтайы - елдегі әжесіне барып келу. Шетелде оқып, ел таныған, жер таныған, бес ұлттың тілін білетін жиеншардың қияндағы шоқ жұлдыздай шағын ауылда әулірімдеп күн кешіп жатқан, көрі қойдың

өзі жөндеп, жанаша жосықпен қалыптап алды. Қазір Адиль. Әділ десен, көңіліне алып қалады. Кенже баламнан алты жас кіші болса да, Адильдің өтінішіне құлақ асуым керек. Түптеп келгенде, кеңенің өміріне қарамай кететін жастарға үлгі емес пе? Демалыс уақыты аз болғанмен, ауылдағы әжесін аңсап алып-ұшып тауып.

Жолға шықтық. Күзгі жол күрентіп сайрап жатыр. Аттанар жақтағы да, қамшылар жақтағы да қалың орманға жұп-жұқа сары бояу жағылыпты. Арагидік қызғылт бояу да кездеседі. Төңіректің бәрі алаулап жанып тұрған сияқты, көз қарықтырады. Адильді сөзге тарттым:

Жол бойы әлеміше қара торы жүзі қабырып, әлденеге шамырқанып келеді. Себебін сұрадым. — Нан же дейді ғой, мен бір аш жүргендей, — деді Адиль.

Айналайын Әділжанға бұл қазақтың дәстүрі екендігін, табалдырықтан аттаған адамға дәм ауыз тигізудің парызы екендігін айтқым келген. Бірақ айта алмадым. Қаншама сөзім көмейімде кептеулі тұрса да. Үйге кірген жыланның да басына ақ құйып шығаратын атам, қара шаңырақтың киесі қолдасын деп, адал дәмін ұсынатын. Шаңыраққа бас сұққан әр адам дәмнен ауыз тигізуге міндетті еді. Келген адам біз тәрізді асығып жатса, әзілмен де жеткізетін. Әйелге байың тастап кетеді деп, еркек болса, әйелін тастап кетеді деп, ойын-шынын араластырып, әйтеуір құр ауыз жібермейтін.

Бес жұрттың тілін білетін, жалпақ әлемнің тарихын жадына тоқыған, әдет-ғұрпынан хабардар Адиль екеуіміз жүйткіген жүйрік машинамен ағызып келеміз. Алда сайрап жатқан ұзақ-ұзақ жол бар. Болашақтың жолы.

— Әженді сағындың ба? Адиль тіс жарып үндемеді. Сүт пісірім уақыт өткен соң ғана қысқа қайырып, сапарының себебін айтқан.

— Әжемнің қолында баяғы бабасынан қалған алтын жүзік болушы еді. Кішкентай кезімізде барғанда талай көргенмін. Сом алтыннан соққан, дәл ортасында қып-қызыл тасы бар. Соны сұрап алмақшымын. Раритет. Шетелде мұндай көне бұйымдар қымбат бағаланады.

Мен «әженді сағынғасын бара жатқан шығар деп ойлап едім» деп айтып қала жаздадым да, тілімді

Жол бойы әлеміше қара торы жүзі қабырып, әлденеге шамырқанып келеді. Себебін сұрадым. — Нан же дейді ғой, мен бір аш жүргендей, — деді Адиль.

Айналайын Әділжанға бұл қазақтың дәстүрі екендігін, табалдырықтан аттаған адамға дәм ауыз тигізудің парызы екендігін айтқым келген. Бірақ айта алмадым. Қаншама сөзім көмейімде кептеулі тұрса да. Үйге кірген жыланның да басына ақ құйып шығаратын атам, қара шаңырақтың киесі қолдасын деп, адал дәмін ұсынатын. Шаңыраққа бас сұққан әр адам дәмнен ауыз тигізуге міндетті еді. Келген адам біз тәрізді асығып жатса, әзілмен де жеткізетін. Әйелге байың тастап кетеді деп, еркек болса, әйелін тастап кетеді деп, ойын-шынын араластырып, әйтеуір құр ауыз жібермейтін.

Бес жұрттың тілін білетін, жалпақ әлемнің тарихын жадына тоқыған, әдет-ғұрпынан хабардар Адиль екеуіміз жүйткіген жүйрік машинамен ағызып келеміз. Алда сайрап жатқан ұзақ-ұзақ жол бар. Болашақтың жолы.

Байқал БАЙӘДІЛОВ

БАСПАСӨЗ – 2018

«Жас қазақ» газеті редакциясының мекен-жайы ауысты.

Редакцияның жаңа мекен-жайы – 050004, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 51/53, 6-қабат

Телефондар: 8 (727) 279-09-19; 279-04-99

Бухгалтерия: 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Жазылу мерзімі

1 айға	279,29	297,93
3 айға	837,87	893,79
6 айға	1675,74	1787,58
12 айға	3351,48	3575,16

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу индексі 65032

Жуырда Тараз қаласында республикалық «Мемлекеттік тіл мемлекеттік қызметте» атты байқау өтті. Мемлекеттік қызметте қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында ұйымдастырылған шараға мәдениет және спорт министрлігі тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті мұрындық болды.

Мемлекеттік қызметшілердің қазақ тіліне деген оң көзқарасын қалыптастырып, құжат тілінің мемлекеттік тілге көшуіне, қызметтердің қазақ тілінде көрсетуіне жағдай жасайтын байқауға ел аумағынан 13 команда қатысты. Олар байқау шартына сай 4



Тілге құрмет

кезен бойынша білімдері мен біліктілігін көрсетті. Аймақтық іріктеуден өткен командаларға қоғам қайраткері, саяси ғылымдар докторы Әбілжәл Бәкір, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Түркітану» ғылыми-зерттеу орталығының бас маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор Қасиет Кәкенұлы, Қазақ ұлттық салт-дәстүрлері академиясының профессоры, композитор Кентау Қуантайұлы, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының аға оқытушысы Ләззат Пернебекқызы, Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры, филология ғылымдарының кандидаты Бижомарт Сейсенбекұлы қазылық етті.

Сайыс қорытындысы бойынша Алматы қаласының құрамасы «Алатау» жеңімпаз атанды. Жұлделі 1-орын Жамбыл облысының «Прагматиктер» командасына бұйырды. Ал 2-орынды дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің «Үш бақытты» командасы еншілесі, 3-орынды «ЭКСПО» (Алматы облысы), «15-ші өңір» (СКО) командалары өзара бөлісті. Жеңімпаз бен жұлделер командаларға арнайы диплом мен қомақты қаржылай сыйлық табысталды.

Білім беруді қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымы мен мәдени құндылықтардан, ұлттық дәстүр мен рухани негізден әсте бөле-жара қарауға болмайды. Сонымен бірге ғылым мен техника, педагогиканың соңғы жаңалықтары барынша ескерілуі тиіс. Болашақ ұрпақты осындай білім нәрімен сусындатып, ел іргесін көтеруге атсалысып келе жатқан оқу орындардың бірі – Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы.

Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы (ҚазЕжӘКА) – Қазақстандағы ғылыми маңызды және педагогикалық жағынан мықты жоғары оқу орындарының бірі. Оның тарихы ғылым мен жоғары білім беруді реформалаудың маңызды кезеңі басталған, саяси және экономикалық қайта құрулардың толқыны белең алған 1994 жылдан бастау алады. Академия тарихындағы жарқын беттерді белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы Мұса Бесбаев жазды. Себебі ол осы оқу орнының ашылуына алғаш мұрындық болған, ұлағатты ұстаз, кең парасат иесі еді.

Бүгінде отандық білім беру нарығында табысты бәсекеге қабілетті Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы инновациялық жоғары оқу орындарының бірі ретінде саналады. Ол – үнемі ішкі және сыртқы байланысты қамтамасыз ететін пәрменді білім беруші, ғылыми-зерттеу кешені қалыптасқан, құрылымдық және ұйымдастырушылық ұйым.

Өзгелеріне қарағанда нарыққа етене бейімделген оқу орындарының қатарында шыққан Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы бүгінгі күнде мейлінше қалыптасқан, екі аяғын тең басқан іргелі оқу орнына айналған.

1994 жылы екі факультетіне алғашқы студенттерін қабылдаған оқу орнының студенттер саны 1996 жылы 300-ге жетті. Ал одан кейінгі 1997-1999 жылдар оның оқу-әдістемелік және материалдық базасының нығаюымен, оқу үдерісіне жана инновациялық технологиялар және компьютерлік техниканың дендеп енуімен, оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігі артуымен сипатталды. Осы жылдар аралығында шығыстану факультеті ашылтып,



Іргелі оқу орны

онда араб, түрік және жапон бөлімдері жұмыс істей бастады. Сондай-ақ Орал қаласында ашылған филиалы да көп еңбектің нәтижесін көрсетті.

2000 жылдан бергі аралықты қамтитын үшінші кезең – материалдық базаның қарқынды дамуымен, студенттердің көбеюімен, академияны басқару мен оқытуда жана ақпараттық технологияларды қолдануымен, сондай-ақ білім берудің мемлекеттік стандартына, оқытудың кредиттік технологиясына көшуімен, ғылыми-оқу аясында халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюімен ұштасқан мезгіл.

Осы кезеңде Академия көптеген жетістікке жетті деп нық сеніммен айтуға болады. 2014-2016 жылдары қатарынан «Сала көшбасшысы» сыйлығына ие болуы да – үлкен абырой. 2015 жылы «Жыл таңдауы» байқауында «Әлеуметтік бағыттағы ең үздік білім беру стратегиясы» аталымы бойынша жүлде жеңімпазы атанды. Одан кейінгі жылдары бакалавриат пен магистратураға арналған 18 білім беру бағдарламасының иелері де – осы оқу орнында қызмет атқаратындар.

Соңғы жылдары оқу орнының ректоры Баян Мұсақызы басқарған оқу орны ұжымы жана мүмкіндіктерді пайдаланып, көптеген қиындықты жеңе отырып, отандық жоғары оқу орындары арасында көшбасшылық жағдайын сақтау әрі бекіте түсу жолында аянбай еңбек етуде.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

«Жас қазақ» газетінің ұжымы белгілі журналист, жазушы Дәурен Қуаттың әкесі ҚАСЕННІҢ қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.

Бас редактор – директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Тілшілер мен қызметкерлер: Бейбіт ТОКТАРБАЙ, <i>Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ – Астана қаласындағы меншікті тілші</i> Әбдіманан КЕҢЕС – жастар және ғылым Салтанат ШЫРЫНХАН – арнаулы тілші Руслан ДОСТАЕВ – web-редактор Комшат ТӨЛЕШОВА – терімші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-сайт	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82) Дүйсенбек АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Мендібай СҮМЕСІНОВ – Атырау облысы (8 775 955 77 34) Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Салтанат ШЫРЫНХАН	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (<i>М.Мақатаев көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі) <table><tr><td>Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция қолжазбасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.</td><td>Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс – №2137; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы – 52 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru</td></tr></table> <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AitAstan», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.</i>	Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция қолжазбасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.	Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс – №2137; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы – 52 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru
Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция қолжазбасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.	Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс – №2137; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы – 52 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru					